


Түркістан облысы Сарыагаш ауданы Жібек-Жолы елді мекені  
ЖШС «Раяна» бөбекжай балабақшасы

Бекітімін:  
ЖШС «Раяна» бөбекжай  
Балабақшасының менеструшісі  
Суйебекова Б.



Орындаған: Аятова А

2022-2023ж

### Мақсаты:

Балаларға 1-қыркүйек күні – білім күні жайында түсінік беру. Өз

тұған елдеріне, жерлеріне, балабақшасына сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Байланыстырып сөйлеуге, сөйлем құра білуге үрету.

Көрнекі-құралдар: Қазақстан Республикасының рәміздері, суреттер.

Әдіс-тәсілдер: көрнекілік, сөздік, сұрақ-жауап.

Барысы: I. Кіріспе бөлім.

Естігенде көк аспанның астында,

Тік тұрындар айтылғанда Әнұран.

Бар қазақтың үніндей шарықта,

Шарықташи, Әнұраным, шарықта! Мемлекеттік гимн орындау.

Тәрбиеші: Шаттық шеңбері:

Жаңа қадам жасадым,

Қош болып тұр, бесігім.

Мен қуанып ашамын,

Балабақша есігін.

Тәрбиеші: Құрметті тәрбиешілер! Қымбатты балалар! Сіздерді

бүгінгі жарқын да қуанышты, айтулы мереке – Білім күнімен

құттықтаймын!

Тәрбиеші: Балалар, бүгін бізде ерекше күн, бүгінгі оқу қызметіміз

біздің білім күніне, бірінші қыркүйек күніне арналады. 1-ші қыркүйек күні барлық балабақшаларда, мектептерде басқа да білім беру мекемелерде сабактар басталады. 1-қыркүйек барша халықтың дәстүрлі мерекесі! Бұл күн сендер үшін, яғни оқушылар үшін және біздер үшін, ұстаздар, тәрбиешілер үшін үлкен мереке күні болып саналады. Эр бір мектептерде, балабақшаларда, басқа да білім беру мекемелерде тұнғыш қоңырау соғылады (тәрбиеші қоңырау соққан баланың суретін көрсетеді).

Осы тұнғыш қоңыраудан бастап күнделікті оқу басталады. Балалар, жақсы, білімді, тәрбиелі азамат болу үшін, ерінбей оқу оқып, білім алу керек. Ол үшін сендер балабақшаға күнде келіп, сабак оқып,

тәрбие алу керексіндер.

Балалар, біз өткен оқу қызметімізде Қазақстан Республикасының рәміздері жайында білім алғанбыз, ендеше есімізге түсірейікші, біз қандай Қазақстан Республикасының рәміздерін білеміз.

(балалардың жауабын тындау)

Тәрбиеші: Дұрыс, Гимн, Елтаңба, Ту.

Балалар, айтындаршы, біз қай Республикада тұрамыз?

Балалар: Біз Қазақстан Республикасында тұрамыз.

Тәрбиеші: Дұрыс. Қазақстан Республикасының президенті кім?

Балалар: Қасым-Жомарт Тоқаев Кемелұлы

Тәрбиеші: Өте жақсы. Біздің Қазақстан Республикасының елордасы  
қай қалада?

Балалар: Қазақстан Республикасының елордасы Нұр-сұлтан қаласы.

Тәрбиеші: Өте жақсы балалар. Айтындаршы, біз қай қалада туып,  
өмір сүріп жатырмыз?

Балалар: Біз Атырау қаласында туып, өмір сүріп жатырмыз.

Тәрбиеші: Балалар, айтындаршы, біздің балабақшамыздың аты  
қалай?

Балалар: «Әлия» бөбекжай-бақшасы.

Тәрбиеші: Өте жақсы балалар. Сендер өздеріннің  
Республикаларын, рәміздер жайында, елорда жайында барлығын  
білесіндер. Жарайсындар!

П. Негізгі бөлім.

Ендеше біз бүгінгі мерекеге арналған өлең тақпактарымызben оку  
қызметімізді жалғастырайық.

Шаттық шеңбері:

Күндей болып күлеміз,  
Гүлдей болып есеміз.  
Құстай болып ұшамыз,  
Көбелектей қонамыз.

Тәрбиеші: Бүкіл елде басталып бүгін жыры,

Бақ қоңырау шақырап ұғымдыны.

Білім — ғылым бастауы, мерекелі

Құтты болсын бүгінгі Білім күні! (шапалак).

Кәусар: Жымындал күз келді,

Күлініз сіз де енді.

Бірінші қыркүйек

Қарсы алшы біздерді!

Амир: Өсті міне бойымыз,

Өсті міне ойымыз.

Куанышқа ортақпыз,

Құтты болсын мерекеміз.

Әмір: Сырлары көп ғылымның

Шешілмеген әлі де

Терендігі білімнің

Керек екен бәріне!

Қасиет: Білім — менің ертеңім

Өсу үшін өркенім

Жүзем оқу — айдында

Жайып білім желкенін

Бейбарыс: Қыындықтан өтуге

Армандарға жетуге

Білім алам ерінбей

Еліме қызмет етуге!

Тәрбиеші: Қырқүйектің бірінде,

Кеудем толы дірілге,

Құлақ түйем елеңдеп,

«Бақша» деген бір үнге.

Тәрбиеші: Енді балалардың мақал-мәтелдерді жалғастырайық

Білекті бірді жығар,

Білімді мыңды жығар.

Кітап- білім бұлағы,

Білім – өмір шырағы.

Ақыл азбайды,

Білім тозбайды.

Оқы да біл,

Ойна да күл.

Тәрбиеші: Білім күні құтты болсын!

Ойын: Гажайып қоржын

Мақсаты: Гажайып қоржынның ішінен бірнеше заттар ойыншықтар, оқу құралдары бар. Сол заттардың ішінен оқу құралдарының бірі бөлек, ойыншықтарды бір бөлек жинап алу керек. (балалар оқу құралдары мен ойыншықтарды ажыратып, бөлек жинайды)

III. Қорытынды бөлім.

Шырылдаған тыным алмай

Қоңыраудың үні қандай!

Мақсатына жете ме адам  
Оку оқып, білім алмай?!

Ғылымның көп тас қамалы  
Фалымдық та аскаралы

Бар білімнің нұр бастауы —  
Балабақшадан басталады!

Тәрбиеші: Міне, балалар, осы күннен бастап бізде күнделікті оку қызметіміз, қызықты да көп нәрсеге үйренетін күндеріміз басталды.

Әрқашан бүгінгідей жақсы көңілмен, барлығын үйренеміз. Бүгінгі оку қызметіне жақсы қатысқандарың үшін көп раҳмет. Баршаңызды бүгінгі Білім күнімен және жаңа оку жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймын. Сіздерге бүгінгі ерекше, жайма шуақ күні жақсы көңіл күй, жаңа жетістіктер мен ұдайы ізденіс, шығармашылық, мықты денсаулық және жаңа бастамаларда тек қана сәттілік тілеймін! Бүгінгі күн Сіздер үшін ұлken үміттер күні болсын!

Бүгінгі 1-ші қыркүйек – білім күніне арналған оку қызметіміз осымен аяқталды. Сау болыңыздар!!!

Түркістан облысы Сарыагаш ауданы Жібек-Жолы елді мекені  
ЖШС «Раяна» бөбекжай балабақшасы



Бекітемін:  
ЖШС «Раяна» бөбекжай  
Балабақшасының менерушісі  
Суйебекова Б.



Орындаған: Аярова А

2022-2023ж

**Мақсаты:** Өз ата-бабасын ұмытпай есте сақтауға және аталы сөзден ғибрат алуға үйрену.  
Балалардың бойына халқымыздың қадір қасиетін сіңіру, үлкенді сыйлауға тәрбиелу.

**Көрнекіліктер:** отбасы мүшелерінің суреттері, слайд, видиоролик.

**Әдіс-тәсілдер:** әнгімелуе, түсіндіру, ойын, сұрақ-жауап.

**Шаттық шенбер:**

Есенсіз бе, ұлагатты қарттарым,

Бабалардың бойға жиған салттарын

Өзініздей ұлагатты болуга,

Өсиетінді жүргегімде сақтадым.

**Тәрбиеші:** Жарайсындар рахмет. Енді орнымызға жайгасайық.

Балалар ұйымдастырылған оку қызметімізді бастамас бұрын, алдымен сендерге сұрақ койғым келіп отыр.

Казір жылдың қай мезгілі? (Күз)

Күз мезгілінде қанша ай бар? (уш ай бар)

Атайықшы? (Қыркүйек, Қазан, Қараша)

Дұрыс айтындар.

Енді осы қыркүйек айында қандай мерекелер болады? (Білім күн)

Жарайсындар.

Ал қазан айында қандай мерекелер бар білесіндер ме? (Ұстаздар күні, Республика күні)

Дұрыс айтасындар.

Қазан айында бұл мерекелерден басқа тағы да мерекелер бар.

Ол 1-қазан қарттар күні.

Сондықтан бүгінгі ұйымдастырылған ашық оку қызметіміз қарттар күніне арналмақ. Мен сендерге жұмбак жасырайын.

**Жұмбак:**

Айтары мол ғұлама

Көп жасаган бұл адам

Әкесі ол әкесінің

Білер оны сұраған

Ол кім (Ата)

Аймалайды «Күнім» деп,

Мейірімді жүзі күлімдеп

«Тәтті –ак» дейді немере,

Бал шырындай үнің деп

Ол кім? (әже)

Тәрбиеші: Жарайсындар, балалар, дұрыс таптындар. Осы атамызben әжемізді бір сөзben  
калай атамыз? қарттар дей

Дұрыс айтасындар ,балалар. — «Ақылды қария-ағып жатқан дария» деп  
тегін айтылмаған. Осы қарттарымыз бәйтерек болса, біз соның жапырағымыз.Адам  
өмірдегі ең игі істін бірі-қарт кісілерге қамқорлық,мейрімділк,түсіністік,сүйіспеншілік,  
жанашырлық, сыйластық таныта білуіміз керек.

Ал енді осы атамыз берілгенде сендер кім боласындар? (немере)

Балалар атамыздың әкесі, анасы сендерге кім балады? (нағашы ата, нағашы әже)

Ал сендер оларға кім боласындар? (жиен)

Жарайсындар.

Балалар ата-әже турага жаттаған тақпактарымызды айттып берейік.

Амина.

Атамыз біздің панамыз

Атамыз біздің данамыз

Атадан ақыл аламыз

Атадай адам боламыз.

Сәкен.

Жақсы ісімізді мактан қылып

Жамандықтан сактандырып

Жүрген алтын ақ әже

Жұрсем деймін шаттандырып

Санжар.

Немересін жанынан артық көретін,

Екі еткізбей бәрін алып беретін

Әжелердің құшағында күн иесі

Еркелігі үзілместен күлетін

Қарааш

Нағашы әжем анамның анасы,

Жиендердің ақылшысы санаы

Қонақ болып бара қалса үйіне

Бәйек болып қарсалады нағашы

Жарайсындар балалар, өте жақсы тақпақтар біледі екенсіндер. Ендеше теледидарға назар аударайық.

Бейне тапсырмаға назар аудару. «Қарттарым –асыл қазынам»

Суреттер бойынша әңгіме.

Балалар сұрақтарға жауап береді.

(Өз ойларын айтады).

Балалар шаршаған шығарсындар, ортага шығып бір сергіп алайық.

Сергіту сөті:

Шенберіп болып тұрайық

Керегені

Уық

Шаңыраққа иіліп

болып

кұрайық  
иіліп

Қазақ үйді құрайық,

Жарайсындар орынымызға отырайық

Дидактикалық                        ойын                        кімге                        не                        тиесілі  
Ойынның шарты                        бойынша                        отбасы                        мүшелері                        бар                        суреттерге  
тиісті затарын қыстырығышпен қыстырады. Атага-шапан, әжеге-ұршық әкеге-сағат,  
анаға -орамал, балага- велосибед,                        ,                        қызға-                        куыршақ  
Балалар ата-әжелерін сендерді қалай еркелетеді?

(Балалардың жауаптары)

Кортынды: Қазақтар-«Төріннен қарт кетпесін» деп тілеген халық.

Жасы үлкенге құрмет ету, қарттың бүгілген беліне сүйе болу-біздің ата дәстүріміз .Өзінді өмірге келтірген, тіршілігіңе нәр берген ата-ананың алдында парыз-міндепті өлшеусіз.

«Балаларым,рахмет  
Балаларым болмасын деп бос кеуде,

сендерге!

Қобызынмен қосып ән мен тіл брдің,

Өмірге                        мен                        мылқау                        болып                        енгенде  
Балаларым,рахмет сендерге!», -деп Мұқағали Мақатаев атамыз айытқандай міне, балалар, біз өзіміздің ата –әжелеріміз алдында қарыздармыз. Ол қарызымызды тек жақсы тәрбие арқылы, адамгершілігі мол, мейірімді болу арқылы ғана, оларды көрген жерде құрметтеп сыйлау арқылы ғана қайтара аламыз. Қарттарымызды ардақтап өтейік ! Оларды сыйландар, қадірлендер! Балаларды мадақтау бағалау.

Түркістан облысы Сарыагаш ауданы Жібек-Жолы елді мекені

ЖШС «Раяна» бөбекжай балабақшасы

Бекітемін:  
ЖШС «Раяна» бөбекжай  
Балабақшасының мемлекеттікі  
Сулейбекова Б.



Орындаған: Аятова А

2022-2023ж

Түркістан облысы Сарыагаш ауданы Жібек-Жолы елді мекені  
ЖШС «Раяна» бебекжай балабақшасы

Бекітемін:  
ЖШС «Раяна» бебекжай  
Балабақшасының менгерушісі  
Суйебекова Б.  




Орындаған: Аятова А

2022-2023ж

**Жүргізуші:** Армысыздар, аса құрметті ата-аналар!

Армысыздар қадірменді қонақтар!

Сәлеметсіздер ме қымбатты балабақша ұжымы!

Міне, туган өлкемізге алуан түсті жапырактарын төгіп, толқып, би билеп, ел байлығын арттырып, берекелі күз мезгілі де келіп жетіп, бізben бірге екі ай бойы қонақта болып келеді. Ендеше соның дәлелі біздің «Күншуақ» бөбекжай –балабақшамыздың ересектер «Алтын сақа» тобының бүлдіршіндері дайындаған

-өлең жыр шумақты

-сазды, әуенді

-көнілді би қимылмен

-ертеңі көріністерімен

-әсем сән үлгісімен

-сондай-ак, табиғи қолөнерлерімен аса қызу дайындықпен дайындаған

**«Арайлы алтын күз»атты ертенгілігімізге қош келіпсіздер!**

Олай болса, бүгінгі ертенгілігіміздің басты кейіпкерлері бүлдіршіндерімізді жұптарымен ортаға шақырамыз. Фалымжан -Нұрай, Айда-Алмат, Жандос- Б Нұрай, Санжар-Аружан- Ерасыл, Мұхаммед-Гұлсезім, Айдын –Амира, Нұрислам-Ақсындар, Әлберсін-Фариза, Әлішер-Інжу, Сағи-Аят, Бексейіт-Раяна, Арафат-Гұлімай, Мағжан-Шұғыла-Мереке

( Балалар жұп болып әуенмен залға кіреді)

**Жүргізуші:** Алтын күз мерекесі құтты болсын!

Жомарт күздің берер сыйы көп болсын!

ертенгілігіміздің алғашқы ашылу салтанатын балабақшамыздың басшысы Баянова Алмагүл Ерболатқызына сөз кезегін береміз.

**Жүргізуші:** Күз ұсынып егісі мен жемісін,

Әкеледі халыққа бар молшылық

Сары жапырақ алтындей бол төгілсін,

Мерекені біз бастайық сол үшін.- дей отырып, ертенгілігіміздің ең алғашқы бөлімі – таныстырумен бастаймыз. Ендеше ортаға тобымыздың бүлдіршіні Шұғыланы таныстырумен ортаға шақырамыз.

**Таныстыру: Шұғыла.**

**Жүргізуі:** «Бұлактың әні – сылдыры,

Баланың әні - бывдыры» -демекші мерекелік ертеңгілігімізді ән мен жалғастырайық. Қол слғып, қошеметтеп сахнаға әнші қызымыз Гүлсезім мен бишілеріміз Санжар мен Амираны қарсы аламыз.

**Ән: «Күзгі вальс»**

**Орындаитын: Сағындық Гүлсезім**

**Би орындаушылар: Санжар мен Амира**

**Жүргізуі:** Жарайсындар! Не деген өнерлі балалар! Өркендерін өссін! Балалар мен сендермен жұмбактап өлең жолдарымен қазір жылдың қай мезгілі екенін және қандай табиғат құбылыстары туралы білетіндерінді байқағым келіп тұр.

Ортага Мұхаммед, Фариза, Алмат шақырамыз. Құлақ салып тынданыздар.

1. Астық пісіп, орақ тұсіп,

Қырмен дәнге тоады

Бәбектерім айтындаршы ?

Бұл қай кезде болады?

**Мұхаммед:**

Қараши күз келді, күз келді.

Жапырақ жауыпты іздерді

Құс біткен керуен түзеді

Қара бұлт қабағын түйеді

2. Жапырактар сарғайып,

Күн бұлтты болады.

Күз мезгілі айында,

Табиғатта қандай өзгеріс болады?

**Фариза:**

Дождь по улице идет

Мокрая дорога

Много капель на стекле

А тепла немного

Как осенние грибы

Зонтики мы носим

Потому что на дворе

Наступила осень!

3. Дала сары киінді,

Жапырактар төгілді,

Самал соқты салқынау

Бұл қай кезде болады?

**Алмат:**

**Жүргізуші.**Өте тамаша, жарайсындар! Уш тілде жауап беріп, жақсы менгерген екенсіндер. Ендеңе, бізге мол өнімін, жеміс-жидегін, алтын астығын сыйға тартқан бүгінгі ертенгілігіміздің арнағы «Алтын күз» ханшайымын қарсы алайық. (Осы кезде ку түлкі қарқылдаپ күліп , жүгіріп келеді)

**Түлкі:-Ха-ха –ха.** –Сәлеметсіздерме балалар, қонақтар! Мне жана жолда әдемі сары көйлегі бар ,себет толы жеміс-жидектері бар Ханшайымды көріп, оны өтірік алдап, жемістерін алып кеттім.-Ха-ха-ха!

**Жүргізуші:-Ой ,** балалар, бұл ку түлкі емеспе, ол дұрыс жасады ма , қалай ойлайсындар?

**Балалар:-Иә,** бұл ку түлкі ғой.

**Жүргізуш:**Түлкішек –ау түлкішек,Өзің қайдан келесің. Сен өзің сондай әдемісін Күйрығын бұлан-бұлан етіп, бейненде Алтын күзден аумайды екенсің. Сен өте сұлусынғой. Саган өтірік айтқан жараспайды.

**Түлкі:**Солай ма балалар, мен әдемімін бе?

**Балалар:**Иә.

**Жүргізуші:** Тұлкішек-ау тұлкішек. Келіп қалған екенсін, бүгін біздің балалар Алтын күз мерекесін тойлагалы жатыр, сенде бізben бірге қөнілінді көтер, бірақта бізге өтірік айтатын қу тұлкі емес ақылды тұлкі керек, өйткені біздің балалар өте ақылды, өнерлі, тіл алтыш балалар.

**Тұлкі:** Жарайды, балалар, мен сендерден қатты үялып тұрмын, мен енді ешкімге өтірік айттаймын, ақылды тұлкі боламын. Сендермен бірге ойын ойнап қөніл көтерсем болама?

**Балалар :** Иә.

**Жүргізуші:** Мәне жарайсың, енді дұрыс болды, кел бізben бірге мерекені тойлауга атсалыс.

**Тұлкі:** Алақай, балалар сендер Алтын күз ханшайымын көргілерің келеме?

Олай болса менің сендерге бірнеше тапсырмаларым бар. Мен сендерге жұмбак жасырамын, шешімін тауып көремізбе?

Күзде нелер пісіп жетіледі?

**Өзі қызыл, өзі тәтті**

**Татқан жанды таңырқатты.**

**Бұл не?**

**Алма.Яблока, apple**

**Бойын жерге жасырған,**

**Бұрымы бар жасылдан.**

**Бұл не?**

**Сәбіз, Марковъ,carrot.**

**Тұлкі:** Жарайсындар , қандай тапқыр балалар екенсіндер. Жемістер мен көкөністер туралы жақсы біледі екенсіндер.

**1.Жүргізуші:** Тұлкішек біздің балалар сен ойлағандай емес, өте алғыр, ақылды балалар. Тек білімді ғана емес, өнерлі балалар.

Шалқып тасып әніміз

Жадырасын жанымыз

Алтын күзбен құттықтап

Би билейміз бәріміз – деп келесі кезекті «Алтын сақа» бұлдіршіндері дайындаған «Күзгі вальс « биімен қарсы алыңыздар!. Қол соғып қошеметтеп отырайық күрметті қонақтар!



Түркістан облысы Білім және ғылым министрлігі  
Сарыагаш ауданы ЖШС «Раяна» бөбекжай балабақасы

Бекітемін:  
ЖШС «Раяна» бөбекжай  
балабақасы менгерушісі:  
Б. Суюбекова  
2023 жыл

## “Карттарым асыл казынам!!!”

«Егемен» «Көркем» тобы өртеңгілік

Орындаған: Тәрбиешілер

Сарыагаш 2023ж

**Тақырыбы:«Қарттарым-асыл қазынам»**

**Мақсаты:**

**1.Білімділік:** 1-қазан қарттар күніне түсінік беру.

**2.Дамытушылық:** өз ата-бабасын ұмытпай есте сақтауға және аталы сөзден гибрат алуға үйрену.

**3.Тәрбиелік:** балалардың бойына халқымыздың қадір қасиетін сіңіру, үлкенді сыйлауға тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:** отбасы мүшелерінің суреттері,

**Әдіс-тәсілдер:** әңгімелеу, түсіндіру, ойын, сұрақ-жауап.

**Шаттық шенбер:**

Есеніз бе, қазыналы қарттарым,  
Бабалардың бойға жиган салттарын.  
Өзініздей ұлагатты болуға,  
Өсиетінді жүргегімде сақтармын.

Жарайсындар рахмет.

Енді орнымызға жайғасайық.

Балалар, ұйымдастырылған оқу қызметімізді бастамас бұрын, алдымен сендерге сұрақ қойғым келіп отыр.

Қазір жылдың қай мезгілі? (Күз)

Күз мезгілінде неше ай бар? (Уш ай бар)

Атайықшы? (Қыркүйек, казан, караша)

Дұрыс айтасындар.

Енді осы қыркүйек айында қандай мерекелер болды? (Білім күні)

Жарайсындар.

Ал қазан айында қандай мерекелер бар, білесіндер ме? (Ұстаздар күні, Республика күні)

Дұрыс айтасындар.

Қазан айында бұл мерекелерден басқа тағы да, мереке бар.

Ол-1-қазан қарттар күні.

Сондықтан бүгінгі ұйымдастырылған оқу қызметіміз қарттар күнініне арналмақ. Мен сердерге жұмбақ жасырайын.

**Жұмбақ:**

Айтары мол ғұлама,  
Көп жасаған бұл адам.  
Әкесі ол әкеңнің,  
Білер оны сұраған.  
Ол кім? (Ата)

Аймалайды "Күнім" деп,

Мейірімді жүзі қулімдеп.

"Тәтті-ақ" дейді немере,

Бал шырындай үнің деп.

Ол кім? (Әже)

**Жарайсындар, балалар, дұрыс таптындар.** Осы атамызбен әжемізді бір сөзben қалай атаймыз? (қарттар дейміз)

Дұрыс айтасындар, балалар.- "Ақылды қария-агып жатқан дария" деп тегін айтылмаған. Осы қарттарымыз бәйтерек болса, біз соның жапырағымыз.

Адам өміріндегі ең игі істің бірі-қарт кісілерге қамқорлық, мейірімділік, түсіністік, сүйіспеншілік, жанашырлық, сыйластық таныта біліуміз керек. Ал енді осы атамызбен әжемізге сендер кім боласындар? (немере)

Балалар анамыздың әкесі, анасы сендерге кім болады? (нагашы ата, нагашы әже)

Ал сендер оларға кім боласындар? (жиен)

**Жарайсындар.**

Балалар ата, әже туралы жаттаған тақпақтарымызды айтып берейік.

**1-бала:**

Атамыз-біздің панамыз,

Атамыз-біздің данамыз.

Атадан ақыл аламыз,

Атадай адам боламыз.

**2-бала:**

Жақсы ісімді мақтан қылып,

Жамандықтан сақтандырып.

Жүрген алтын ақ әжемді.

Жүрсем деймін шаттандырып.

**3-бала:**

Немересін жанынан арттық көретін,

Екі еткізбей бәрін алып беретін.

Әжелердің құшағында күн иесі,

Еркелігі үзілместен күлетін.

**4-бала:**

Нагашы әжем анамның анасы,

Жиендердің ақылшысы санаы.

Қонақ болып бара қалсаң үйіне,

Бәйек болып қарсы алатын нагашы.

Жарайсындар балалар, өтте жақсы тақпактар біледі екенсіндер.

Ендеше теледидарға назар аударайық.

**Бейне таспаға назар аудару.**

Балалардың орындауындағы "Ата, әже" әнін тамашалайық.

**Суреттер бойынша әңгіме.**

Балалар сұрақтарға жауап береді.

(Өз ойларын айтады)

Балалар шаршаган шығарсындар, ортаға шығып бір сергіп алайық.

**Сергету сәті:**

Шеңбер болып тұрайық,

Керегені құрайық.

Уық болып иіліп,

Шаңыраққа киіліп.  
Қазақ үйді құрайық,  
Жарайсындар орнымызға отырайық.

**Дидактикалық ойын: «Кімге не тиесілі»**

Ойының шарты бойынша балалар отбасы мүшелері бар сүреттерге тиісті заттарын қыстарғышпен қыстырады. Атага-шапан,әжеге -ұршық,әкеге -сағат,анаға-орамал,балага-велосипед,қызға -куыршақ.

Балалар , ата-әжелерің сендерді қалай еркелетеді?  
(Балалардың жауаптары)

Ұйымдастырыған оқу қызметімізді сұрақ-жауап арқылы  
қортындылау.Балаларды мадақтау бағалау.

**Күтілетін нәтиже:**

**Білуі керек:** Отбасы мүшелерін атай білуі керек.

**Болуы керек:** Балалар бойында қамқорлық мейірімділік қасиеттері болу керек.

**Баланың қолынан келуі керек:** Үлкенді сыйлауға,карттарға құрмет көрсете білуі керек.

*Түркістан облысы Білдірілген гылым министрлігі  
Сарыагаш ауданы ЖИС «Раяна» бобекжай балабақасы*

Бекітемін:

ЖИС «Раяна» бобекжай  
балабақасының мемлекетші:  
Б. Сұлебекова  
2023 жыл

# “Кош келдің Жана жыл!!!”

«Егемен» «Көркем» тобы ертеңгілік

Орындаған: Тәрбиешілер

Сарыагаш 2023ж

## **Тақырыбы: “ Жаңа жыл! ”**

**Мақсаты:** Балаларға жаңа жыл туралы түсінік беру. Аяз Ата сыйлық беретінін айтып, балаларды қуанышқа бөлеу. Шыршаның әсемдігіне назар аударып, ойыншықтардың әдемілігіне қызықтыру. Ертеңгілік барысында балаларды персонаждарға бөліп, өздері кейіпкерлендіруді ұсыну. Өндер, билер арқылы балаларды өнерге талпындыру. Өлеңдерді мәнермен айттып, ертеңгіліктегі достық сезімдерін ояту, өн, тақпақ арқылы сөздік қорын дамыту.

**Ертеңгілік барысы:** Зал іші әдемі безендірілген. Ортада әдемі шырша. Әсем өуенмен әдемі киінген балалар.

**Жүргізуши:** Құрметті балалар, ата-аналар, қонақтар! Жаңа жыл құтты болсын! Жаңа жыл құт береке әкелсін! Балаларыңызben бірге бақытты болындар!

**Біздің:** «Төрлет бізге Жаңа жыл!» ертеңгілімізге қош келдіңіздер!

**Жүргізуши:** Жаңа жылдың таңы неткен арайлы

Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды

Бақыт, шаттық, тыныштық

Ит жылы әкелсін бәрімізге

**Жүргізуши:** Балалар орындауында ән «Кел, кел, Жаңа жыл» балалар шыршаны айналып жүріп айтады.

**Жүргізуши:** Балалар орнымызға отырайық. Ал ендеше жаңа жыл туралы тақпқтарымызды айтайық.

**1-бала**

Кел балақай шырша дайын  
Қол ұстасып ән салайық  
Жаңа жылдың жарқын айын  
Әнмен бимен қарсы алайық.

**2-бала**

Не ойласаң жаңа жыл  
Орындалады бар арман  
Жаңа жылды сондықтан  
Күтеді барлық балалар.

**Жүргізуши:** Балалар, Аяз Атанды шақырайық, естімейтін шығар, қатты дауыстап шақырайық!

**Балалар:** Аяз Ата, Аяз Ата, Ақшақар! (2-3рет)

**Әуенмен доңыз бен тышқан келеді.**

**Балалар:** Ақшақар, Ақшақар. Осы кезде әуенмен Ақшақар келеді.

**Ақша қар:** Сәлеметсіз бе, балалар!

Сәлеметсіз, бе қонақтар!

Жаңа жыл құтты болсын!

Жаңа жыл сізге зор денсаулық, мол бақыт әкелсін!

**Ақшақар:** Балалар, Аяз атанды шақырайық, шыршамыз көңілсізгой шамдарын жағып берсін.

**Балалар:** Аяз ата, Аяз ата, Аяз ата!

**Аяз ата:**

Амансыңба, үлдарым  
Есенсізбе бе қыздарым  
Қандай жарқын жүздерің  
Қандай өсем жырларың  
Асулармен алысқан  
Асау желмен жарысқан  
Қасымда бар Ақшақар  
Ол да ренжіп қалмасын  
Ең бақытты балалар

**Жүргізуши:** Рахмет, Аяз Ата! Аяз Ата, қараңызы біздің шыршамыздың Оған да ән, би арнасын!

шамдары жанбай тұр. Шырша шамдарын сиқырлы таяғынызбен жағыпп берінізші.

**Аяз Ата:** Куант, бізді, таңырқат. Шамдарынды жарқырат! шыршаны жағады.

**Би:** «шырша би»

**Жүргізуши:** Аяз Ата, біздің балабақшаға келгенше шаршаган шығарсыз отырыңыз? Аяз Ата шырша жанына орындыққа отырады. Ал біз ойын ойнайды.

**Ойын:** «Қар атысу» ойыны

**Жүргізуши:** Аяз Ата, біздің балалар сізге арнап тақпақтарын айтқысы келеді.

3-бала

Қош келдің Аяз Ата  
Болып бізге сыйлы қонақ  
Қарсы аламыз құрмет етіп  
Жаңа жылдың нұрын орап.

4-бала

Шаттық нұр шаттық нұр  
Дидарында шаттық нұр  
Аяз Ата ортада  
Арқасында қапшық жүр.

**Аяз Ата:** Жарайсындар, балалар, өте керемет!

**Аяз Ата** балаларды мақтайды.

Осы кезде қорқынышты әуен естіледі де шыршаның артынан Мыстан кемпір шыға келеді.

**Мыстан кемпір:** Ха-ха-ха. Сізге шырша жоқ. Сындырамын шыршаны.  
Эй-эй, қарақшылар би билейік, шыршаны сындырайық.

**Жүргізуши:** Мыстан кемпір біздің кішкентай қарақшылар сізben би билегісі келіп тұр. Соны тамашалаңыз.

**Ойын:** Ата-анамен жаңа жыл туралы ойын ойналады.

**Аяз ата:** Мыстан кемпір тектігінді қой былай болмайды. Балалардың тақпактарын тыңдайық.

Тақпактарға кезек берейік.

5-бала

Сықыр-сықыр басқанда,  
Жылтылдайды акшакар.  
Ақшакарға аунайды,  
Сагынгандай балалар.

6-бала

Шаттық нұр, шаттық нұр,  
Дидарында шаттық нұр.  
Аяз ата ортада,  
Арқасында қапшық жүр.

**Жүргізуши:** Балалар орындаудында ән «Аққала»

Осы кезде Мыстан кемпір құлайды.

**Жүргізуши:** Мә-ә Мыстан кемпірге не болды гномдар түртіп карандаршы.

**Мыстан кемпір:** Айқайлайды.

Тары-бары раставары,  
Елка-шырша-каламбей.

Шуры-муры-шары-вары,  
Самба-ламба, Вилки-вэй. Гномдарды қуалайды.

**Жүргізуши:** Аяз Ата, таяғынызben Мыстан кемпірді сиқырлап тастаңызы, балаларға кедергі болмасын. Аяз ата Мыстан кемпірге таяғын тигізеді.

**Мыстан кемпір:** Кешірім сұрайды, қоштасып шығып кетеді.

**Жүргізуши:** Аяз Ата, Ақшакар, балалар ән орындағысы келеді.

**Ән:** «Шырша жыры» (балалар шенбер бойында орындаиды)

**Аяз Ата:** Өте жақсы, білімді балалар екенсіндер.

**Жүргізуши:** Балаларға сұрақ өткен 2024 жыл нениң жылы?

**Балалар:** Чын жылы.

**Жүргізуши:** Дұрыс айтасындар. Ал, келе жатқан жаңа жылымыз нениң жылы?

**Балалар:** Денсау жылы.

**Жүргізуши:** Олай болса, Чын жылы мен Жылан жылын қарсы алайық.

**Ескі жыл:**

Аппак бүгін қыр далам,

Ақ дастархан жапқандай.

Жасыл шырша жанына

Тышқан жылы Қош келдің!

Сәлем саган баршадан!

**Жаңа жыл:**

Көңілде көп қуаныш,  
Әр көңілде жақсылық.  
Тауық жылы мың алғыс,  
Әкелген көп жақсылық!

**Жүргізуши:** «Ломбада» биін тамашалаңыздар.

**Ән:** «Шырша жыры»

**Жүргізуши:** Аяз Ата бутін біз ән айттық, би биледік, сіз бізге сыйлық бересіз бе?

**Аяз Ата:** Өте әдемі өнерлі балалар екенсіндер, сіздерге сыйлығымды берейін.  
Аяз Ата мен Ақшақар балаларға сыйлық таратып қоштасып кетеді.

**Құттықтау сезі:** Балабақша директорына беріледі.

**Жүргізуши:** Осымен біздің “*Селесін, Соғада*” тобының өнерлері мен билері жаңа жылға арналған ертеңгілігі өз мәресіне жетті

Түркістан облысы Білім және гылым министрлігі  
Сарыагаш ауданы ЖШС «Раяна» бөбекжай балабақиасы



# “Ризашылық алғыс айту куні!!!”

«Егемен» «Көркем» тобы ертеңгілік

Орындаған: Тәрбиешілер

Сарыагаш 2024ж

1 наурыз алғыс айту күніне арналған

Тақырыбы: Ризашылық

Мақсаты: балалардың «сыластық» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту

Міндеттері: - ризашылық пен алғыс туралы түсінік беру;

- үлкен - кішіге деген сүйіспеншілігін, сыйайылық қарым - қатынасын дамыту;

- әдептілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелу.

Көрнекіліктері: оқулық, дәптер, сандықша

Шаттық шеңбері

Ризамын мен бүгінге,

Ризамын мен бүгінге,

Ризамын мен бүгінге,

Ризамын мен қазірге!

Ризамын, ризамын, ризамын бүгінге,

Ризамын, ризамын, ризамын қазірге.

Балалар тізбектеліп, бір - бірлеріне тілек білдіріп шығады.

Әңгімелесу

- Балалар, сендер кімдерді жақсы көресіндер?

- Оларды неліктен жақсы көресіндер?

- Ал өздерінді кімдер жақсы көреді? Қалай жақсы көреді?

Ризашылық дегеніміз не?

Алғыс дегенді қалай түсінесіндер?

- Адам өзінің ризашылығын, алғысын қандай сездермен білдіреді?

- Сендерге кім қандай жағдайда алғыс айтты?

- Өздерің қандай жағдайда алғыс айтып көрдіндер?

Балалардың жауаптары тыңдалады.

Сонымен, рақметке лайықты кімдер? Тізімді бірге құрайық! Бастысы алғыс айта білу...

Анаға – өмір сыйлағаны үшін,

Әкеге – қорған болғаны үшін,

Далаға – ғұлдарі мен көк шалғыны үшін,

Сөзге – жанды жылтытатыны үшін,

Күнге – шуағы мен назары үшін,

Жұлдызға – қаранғы түндегі жарығы үшін,

Досқа – құшағы мен иығы үшін,

Әжеге – ыстық алақаны үшін,

Суга – тіршілік көзі болғаны үшін,

Жерге – махаббаты мен бар болғаны үшін,

Отқа – жылуулығы үшін...

Ризашылық - адамның басқа адамнан көрген жақсылығы, көмегі, көңілі үшін қанағаттанушылық және алғыс білдірушілік сезімі.

Алғыс – адамның адамға жасаған жақсылығы, көмегі, көңілі үшін ризашылық білдіруі, сондай - ақ оның ойы мен іс - әрекетіне, жасаған істеріне жоғары баға беруі.

Әңгімелесу

"Алғыс" М. Төрежанов

Педагог балаларға өзін жақсы көретін жақын адамдардың қаншалықты қымбат екендерін сезінтіп, қадірін ұғындыра түсү мақсатында балаларға төмендегідей мәтіндерді қосымша оқып береді.

"Макұлжан" Т. Жарқынбекова  
- Төлеуді қандай бала деп айта аламыз?

### Дәйексөз

"Адам өз ісіне қанағаттанып, сүйсінген кезде ризашылық сезімге бөленеді.

Өзіне жасалған жақсылыққа ризашылық білдіруді алғыс дейміз"

Педагог балаларға "Алғыспен ел көгерер" деген халық мақалын бүгінгі оку іс - әрекеттің дәйексөзі ретінде түсіндіреді. Үлкендердің айтқан тілін алу, сыйластырыққа әкеледі. Сендердің көрсеткен көмектеріне үлкен кісілер алғыс айтады, ризашылығын білдіреді."Алғыспенен ел көгерер"деген сөз осыдан шыққан.

### Сергіту сәті

Ойын:"Сымсыз телефон"

### Тыныштық сәті

- Балалар, денелерінді тұзу ұстап, бастарынды жоғары көтеріп, ынғайланып отырындар. Көздерінді жұмсаңдар да болады. Ауаны терең жұтып, еркін тыныс алындар. Өздеріннің тыныс алуларынды бақылап, бақытқа, махабbat пен тыныштыққа толы таза, шипалы ауаның тұла бойларына толғанын сезінідер. Ал енді, көздерінді ашсандар да болады.

### Ғажайып сөздер

Жақсылық жасау. Алғыс айту. Ризашылық білдіру. Ракмет.

### Қорытындылау

- Балалар, жылы сөз, қайырымды іс, жақсы ой, кіршіксіз сезімдерінді ешкімнен ешқашан аямаңыздар. «Рахмет» деген қасиетті сөзді жиі айтындар. Адам алғыс пен ризашылықты естіген сайын, жақсылық жасағысы келіп тұратынын есте сақтаңдар. Өмірдің әрбір сәтін бағалай білуге үйреніндер және Табиғат – Анаға мейірімді күні үшін, көңілді жаңбыры мен ақ қары үшін, жұмсақ ақ ұлпа бұлты үшін, жақын адамдарға қайырымдылығы мен риясыз махаббаты үшін алғыс айтуды ұмытпандар.

Бүгінгі оку іс - әрекеті сендерге үнады ма?

Түркістан облысы Білім және ғылым министрлігі  
Сарыагаш ауданы ЖШС «Раяна» бөбекжай балабақшасы

Бекітешін:

ЖШС «Раяна»  
бөбекжай  
балабақшасының мемлекеттік рушиі.

Б. Садыков

## “Ұстаз аты биік, әрі мәңгілік!!!”

«Егемен» «Көркем» тобы ертеңгілік

Орындаған: Тәрбиешілер

Сарыагаш 2023ж

## "Раяна" балабақшасы

Тәрбиеші:

Ұстаздар

күні мерекесіне ариалған "Ұстаз аты биік, ері мәңгілік!" атты мерекелік тәрбие сағатымызға қош келдіңіздер! Құрметті ұстаздар, аяулар аналар мен балалар!

Ұстаздарга ариалған сағатымызды бастай отырып, сіздерді төл мерекелеріңізден атбасыларыңызға бақыт тілейміз.

Мектептің тірегі, ері жүргегі - ұстаз. "Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға", - деп Абай атамыз айтқандай

"Ұстаз" сөзі ұлагатты есім, шәкірттерге білім беруде ұстаздардың еңбегі ұшан-теніз. Алдымызда отырған балалардың бір-бір кірпіш болып қалануы, осы ұстаздардың арқасы. Сондықтан да осы сағатымызды ұстаздарға арнаймыз. Сіздердің шәкірт тәрбиелеп, білім беру жолындағы еңбектеріңіз жана берсін!

Күндеріңіз толсын гүлге, желеекке,

Отбасында болсын ырыс-береке.

Құттықтаймыз шын жүректен сіздерді,

Әмір - думан, бақ әкелсін мереке!

Олай болса мерекелік сағатымызды ашу құрметтін балабақша менгерушісі

З. Сүлейменова береміз.

Ұстаз сөзін айтып жүрдік ән қылыш,

Одан басқа жүрген кім бар, жанды ұғып?!

Ұстаз деген ұлылардың ұлысы,

Қасиетіне бас иейік мәңгілік! - деп, келесі сөзді ата-ана

Ж. Абдімановова береміз.

Ұстаз деген жарық күні ғаламның,

Ұстаз деген анасы ол адамның,

Бүкіл адам мойындайды еңбегін,

Сен де одан адам болып жаралдың!

Ендігі кезекте "Айгөлек" тобының билеп шығуымен,

"Ұстазым" әнін қабыл алыңыздар.

Бала тілі бал демекші, келесі балдай балаларымыздың ұстаз туралы тақпақтары мен нақыл сөздерін тарту етеміз.

1.бала

Ақырын жүріп анық бас,

Еңбегің кетпес далаға.

2.бала : Ұстаз деген ұлагатты сөз.

3.бала: Ұстазы жақсының - ұстамы жақсы.

"Ұстазым" әні орындалады.

**4.бала.**

Ұстаздар ұлттық тірегі,  
Ұстаздар мектеп жүргегі.  
Үрпаққа жетер ұстазбен,  
Халықтың ұлы тілегі.

**5.бала.**

Хан бол мейлі, қара бол,  
Дарын бол мейлі, дара бол.  
Өтетін бәрі алдынан,  
Ұстаздар бейне сара жол.

Құрметті ұстаздар, балалар, ата-аналар! Ұстаздар күніне арналған  
"Ұстаз аты биік, әрі мәңгілік!" атты мерекелік жиынымызды аяқтаймыз.

Бүгінгі күн құшактары гүлге толсын,  
Дендеріңнің саулығы мықты болсын!  
Білімімен суарған шәкірттерін  
Төл мерекен ұстаздар, құтты болсын!  
Көңіл қойып тындағандарыңызға көп-көп рахмет!

**Түркістан облысы Білім және ғылым министрлігі  
Сарыагаш ауданы ЖШС «Раяна» бөбекжай балабақшасы**

Бекітемін:  
ЖШС «Раяна» бөбекжай  
балабақшасының менгерушісі:  
Б. Ембекова  
» 2023 жыл



## **“Берекелі мерекелі – Алтын куз!!!”**

«Егемен» «Көркем» тобы ертеңгілік

**Орындаған: Тәрбиешілер**

Сарыагаш 2023ж

**Сабактың тақырыбы:** "Берекелі мерекелі – Алтын күз!"

**Сабактың мақсаты:** балалардың күз туралы түсінігін кеңейту, Алтын күздің ерекшеліктері туралы әңгімеледеу. Суреттер бойынша әңгіме құрастыру арқылы балалардың тіл байлығын дамыту. Күз мерекесінің ерекшелігін атап өтү.

**Сабактың көрnekілігі:** күз көрінісі бейнеленген суреттер, геометриялық пішіндер, жеміс-көкөністер, үнтаспа.

**Сабактың әдісі:** түсіндіру, әңгімеледеу, дидактикалық ойын, сұрақ- жауап.

**Сабактың барысы:** - Балалар, бүгін біздерге қонақтар келіп қалыпты. Олай болса, барлығымыз орнымыздан тұрып амандасадайық.

*Куан, шаттан алақай!*

*Куанатын күн туды,*

*Қайырлы таң!*

*Қайырлы күн!*

*Сәлеметсіздер ме қонақтар!*

-Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? Иә, дұрыс айтасыңдар, күз мезгілі. Ал, күзде неше ай бар, қазір қай ай?

- Ендеше балалар, барлығымыз көзімізді жұмып, күз мезгілін көз алдымызыга елестетейікші.

*Гажайып сәт ( жәй музыка ойналады ортаға Күз ханшайымы келеді)*

*Есікті қагып «Күз ханшайымы» кіреді.*

-Сәлеметсіздер ме, балалар!

-Сәлеметсіз бе, балалар бізге «Күз ханшайымы» келіп қалыпты.

-«Күз ханшайымы»: - Балалар, мен сендердің әңгімелеріңді, тақпақтарыңды есіту үшін келдім.

-Алтын, сары, қызыл, көк

*Алуан-алуан жасырақ*

*Күзгі бақта кулімдең,*

*Көз тартады атырап.*

*-Балалар, сендер күз туралы тақпақтар білесіңдер ме?*

*Балалардың тақпақтарын тыңдау.-Ал, балалар ендеше күз мезгілі жайлышаттауларымызды айтып берейік.*

*Тақпақ:*

*Ән: “Алтын күз!”*

*Тосын сәт: ортаға “Жаңбыр” кіреді.*

*Ойын: “Алма жеу!” алманы аршып балаларды жарыстыру.*

*Би: ортада «Жапырақтар» биін тамашалаңыздар*

*Ортада Күз ханшайымымен ойын ойнау*

*Балалар, біреу есік қазып тұргандай ма, қалай өзі?*

*-Күзде құстардың бәрі бірдей үшып кетеді ме?*

*-Қалып қойған құстар тоңып қалмау үшін оларға ұя жасап, жем шашуымыз керек. Ойын ойнайық келіңдер балалар*

*Ойын “Жапырақ жинау”*

*Суреттер бойынша әңгіме құрастыру( сұрак-жасаудар арқылы)*

*(Пішиңдерді көрсөтіп түрін, түсін атаяу, орналасу ретін түсіндіру)*

*Жылы жаққа үшпайтын,*

*Біздің жақта қыстайтын.*

*Құстар жүрсе жуықта,*

*Жем шашуды ұмытпа.*

- *Балалар, орнымыздан тұрып бойымызды сергітіп алаңық!*

*Сергіту сәті:*

*Тербеледі агаштар,*

*Алдынан жел еседі.*

*Кіп-кішкентай агаштар,*

*Үп-үлкен бол өседі.*

*-« Алтын күз» біздің балалардың сән үлгісін тамашалаңыз*

*«Алтын күз»:- Балалар, сіздерге арнаған бір ойынным бар.*

*Берекесін сыйлауга  
Өлкемізге күз келді.  
Жемістерін жинауга,  
Шақырады біздерді.*

*«Алтын күз»:- Өте жақсы балалар, мен сендерге ризамын. Енді  
мен кетейін. Сабактарыңды жақсы оқып,  
тәртіпті болыңдар. Сау болыңыздар!*

- *Сау болыңыз!*
- *Балалар, сендерге «Алтын күздің» ойындары мен тапсырмалары ұнады ма?*

*Сабакты қорытындылау, балаларды мадақтау.*

Түркістан облысы Білім және ғылым министрлігі  
Сарыагаш ауданы ЖШС «Раяна» бебекжай балабақшасы

Бекітемін:  
ЖШС «Раяна» бебекжай  
балабақшасының кеңесінің руаші:  
Айнур Сабировна Насибекова



## “Ана тілім ардақтым!!!”

«Егемен» «Көркем» тобы ертеңгілік

Орындаған: Тәрбиешілер

Сарыагаш 2023ж

## **Ертеңгілік «Тіл мерекесі».**

**Жүргізуши:** -Қайырлы күн, құрметті Ана тіліміздің мерекесіне жиналған қауым. Тіл мерекесіне орай өткізгелі отырган «Құлпынай» тобының мерекелік ертеңгілігін бастауга рұксат етіңіздер. Бұл мерекеміз елбасымыз «Н.Ә.Назарбаевтың 22 қыркүйек Тіл мерекесі күні болып атап өтілсін деген бастауын қолдап, мерекеге жиналып отырысыздар. Яғни 1997жылы 22 қыркүйек күні қабылданған Қазақстанның тіл туралы Заңында Республика халықтарының тілдерін қолдау мен дамыту құқығының негізі бекітілген.

**1-жүргізуши:** Балалар құтты болсын тілің бүгін

Ашатын жан сарайын білімдерінің

Кешегі анаң айтқан, бабаң айтқан

Тіліңе зер салындар бұрынғының.

**1-бала**

Қазақ тілім өз тілім, ана тілім

Абай, Мұхтар сөйлеген дана тілім.

Қастерлейді ұл-қызың мәңгі сені

Болашагым, бақыттым дара тілім.

**2-бала**

Ана тілің біліп қой,

Еркіндігің, теңдігің.

Ана тілің біліп қой,

Мақтанышы елімнің.

**3-бала**

Ана тілің арың бұл

Ұятың боп тұр бетте

Өзге тілдің бәрін біл,

Өз тілінді құрметте.

**4-бала**

Бұл гүлденіп жайнаған

Гүлстандар Отаны!

Бірін-бірі сыйлаған

Тұысқандар Отаны!

**Жүргізуши:** Құлақтан кіріп, бойды алар

Әсем ән мен тәтті күй

Көнілге сырлы ой салар

Әнді сүйсөн менше сүй-деп Абай атамыз айтқандай келесі кезекті әсем әнге берейік

Ән топ: «                         »

**Жүргізуши:** Балалар, бізге қонақ келген сияқты, қане, бәріміз қошеметтеп қарсы алайық. /Муз. Әуенімен залга Ару Ана кіреді.

**Ару Ана:** -Сәлеметсіндер ме балалар, құрметті қонақтар! Мен Аруанамын! Сендердің балабақшаларында Тіл мерекесі болып жатқанын естіп, сендерге қонаққа келдім! Бұл жерге әр ұлттың өкілдері жиналыпты ғой! Қандай керемет десенші! Бәрі бір-бірімен тату-тәтті!

**Жүргізуши:** Сәлеметсізбе Ару Ана! Біздің мерекеге қош келдіңіз! Жоғары шығыныз!

Біздің Тіл мерекемізге әр ұлт өкілдері құр келмей өз өнерлерін ала келіпти.

**Жүргізуши:** Қазір қазақтың ұлттық биін тамашалайық!

**Би: «**

**Сүйесің өз тілінді]**

**Боласың білімді**

**Өз тілің үйретер**

**Өнерді ғылымды**

**Ардақта тілінді**

**2-бала**

Тілім барда мақтанам

Тілім менің аппақ ән.

Бірлігімді бүгінгі

Ана тілім сақтаган.

**3 бала**

Ақыл-ойын дананың

Ана тілден аламын.

Ана тілі ардақты,

Ақ сүтіндей ананың.

**Ару Ана:** Өнерлерің үстем болсын балалар! Балалар сендер тілге байланысты мақал-  
мәтел білесіндер ме? Қане кім айтады?

**1-бала Сөз асылы – мақал.**

**2-бала. Өнер алды қызыл тіл.**

**3-бала. Шешенниң тілі артық.**

Шебердің қолы артық

**Жүргізуши:**

Ана тілім- өзгелерден бөлексің,

Бала жүрек саған әрнап жыр төксін.

Қай асылға тенденсемде жарасар,

Ана тілім – баға жетпес өнерсің.

**Ән: «**

**Жүргізуши:** Келесі кезекті балаларымыздың тақпақтарына берейік.

**1-бала.**

Жаңымнан қымбат

Ана тілім маған

Ана сөзден тыңдал

Үлгі өнеге алам.

**2-бала.**

Ана тілім – анам,

Аппақ қардай арым

Мұра еткен бабам

Жарқыраған жаным.

**3-бала.**

Ана тілім – елдігім

Ана тілім-ерлігім.

Тілді биік құрметтеп

Тойлап жатыр ел бүгін

**4-бала.**

Ана тілім-тірегім

Ана тілім – жүрегім.

Қасиетті елімнің

Тек өзің деп білемін.

**Ару Ана:** Балалар әрдайым осында тату дос болып, өз тілдерінді құрметтегендер.  
Осында өнерлеріңе тамсанып қуанып кетіп барамын. Келесі кездескенше сау  
болындар!

**1-жүргізуші:**

Тілмен ғана қызық менің тірлігім

Тату еткен ел мен елдің бірлігін.

Туған тілмен асқақ шығып ізгі үнім,

Туған тілде алып журміз біз білім.

**2-жүргізуші:**

Тілсіз жұртый шөптей қурап азады-ау

Туған тілді қорғап бақшы қазақ-ау

Сарқылмайтын қуатпенен қүш берген.

Туған тілдің қасиеті ғажап-ау!

Осымен құрметті қонақтар, балалар бүгінгі тіл мерекесіне арналған ертеңгілігіміз  
аяқталды. Зейін қойып тындағандарыңызға көп рахмет.

**Түркістан облысы Білім және ғылым министрлігі  
Сарыагаш ауданы ЖШС «Раяна» бөбекжай балабақшасы**



## **“Тәуелсіздік тұзырым!!!”**

«Егемен» «Көркем» тобы ертеңгілік

**Орындаған: Тәрбиешілер**

Сарыагаш 2023 ж

## **16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған «Тәуелсіздік тұгырым» атты ертеңгілік**

### **Мақсаты:**

- 1) Балаларға тәуелсіз мемлекет туралы түсінік беру балалардың Отанға деген сүйсіпешіліктерін арттыру.** Қазақстан Республикасының мемлекетік рәміздері: Елтаңба, ту, әнұран туралы білімдерін қалыптастыру. Отан туралы тақпақ. Мақал-мөтелді жатқа айтуга үйрету. Патриоттық сезімге баулу.
- 2) Балалардың тіл байлығын ой-өрісін, сөзді байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту.**
- 3) Елімізді, жерімізді қадірлеуге, сүюге тәрбиелеу.**

**Бекболат Тілеухановтың «Елім менің» әнімен балалар залға кіреді.**

**Тәрбиеші: Сәлеметсіздер ме құрметті қонақтар!**

**«Тәуелсіздік-тұгырым» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер!**

Барша халық таныған,  
Біздің үміт тілекті.  
Шырқалғанда әнұран,  
Шаттық кернер жүректі.

- Әнұранды орындау.

**Тәрбиеші: Балалар, біздің Отанымыз қалай аталады?**

**Балалар: Қазақстан республикасы.**

**Жүргізуши: Қазақстан қандай мемлекет?**

**Балалар: Қазақстан тәуелсіз, егеменді мемлекет.**

**Жүргізуши: Балалар, бүгін міне осы Тәуелсіздік мерекесі күні. Еліміздің тұнғыш елбасы кім?**

**Балалар: Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.**

**Жүргізуши: Еліміздің елордасы қай қала?**

**Балалар: Астана.**

**Жақсы балалар.**

Қазақстан Жоғары кенесі 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстанның тәуелсіз мемлекет деп жариялады. Бұл күн — Қазақстан тарихында «Тәуелсіз Қазақстан Республикасының тұған күні» деп алтын әріптермен жазылды. Бұл республиканың барлық халықтары үшін маңызды тарихи оқиға болды.

**Тәрбиеші: Мұз жастанып азаматтық жолында,**

**Тәуелсіздік туы тұрды қолында.**

**Женіп шықты, бас имеді, қасарып**

**Сойыл таяқ ойнаса да жолында**

**Желтоқсан-ау, ұмтылмайсың жүректе**

**Ұрпақ өсер айналатын тірекке**

**Егемендік тиді міне еншіме**

**Желтоқсаным, жеткіздің ақ тілекке.**

**Біздің Отанымыз Қазақстан - тәуелсіз, егеменді мемлекет.**

**Тәуелсіздік үшін қаншама азаматтарымыз, ардақты ағаларымыз, ақылды**

**жастарымыз гүмүрларын күреске арнап Тауелсіздік жолында қурбан болған  
Ләззат, Сабира, Ербол, Қайрат есімді азаматтарымыздың рухына бас иіп  
орнымыздан тұрып 1 минут еске алайық!**

Олардың аңсаган армандарымен үміт тілектері бұл күнде толық жүзеге асты.  
Қазақ елі тәуелсіздігін алды. Тұмыз асқақтан желбіреп тұр.

**Тәрбиеші:** Бақыттым Республикам Қазакстан  
Көгінде ақ көгершін, қаздар үшкән  
Соган жетпес құшагы алемнің де  
Қыс болса бір шетінде жаз аудықан.  
Отан туралы тақпактарымызды айтайық.

**1-Бала**

Қазақстан - азат елім,  
Таңгажайып тутан жерім.  
Тек сен үшін мақтанамын,  
Қазақстан – елім менің.

**2-бала**

Астана арман қала,  
Бағы бір жанған қала  
Тұрасың жап-жас болып,  
Мен үлкен болғанда да

**3-бала**

Отан деген – атамекен  
Отан деген – туған жер.  
Отан – ана, Отан – үлкен.  
Қазақстан – туған ел

**Тәрбиеші:** Отан оттанда ыстық дегендей, Отан үшін жанын берген аға –  
әпкелерімізге арнап топ ұлдарының орындауында «                        » биін  
қабыл алыныздар!

**Би «                        »**

**Тәрбиеші:** Рәміздерім елдігімнің белгісі  
Білу керек баладағы ең кіші  
Әнұран, Ту, Елтаң ба  
Рәміздерді жатқа білсін әр кісі.  
- Балалар рәміздерімізді кім атап береді?

Дұрыс айтасындар балалар? Ортаға рәміздер туралы тақпактарын айтуға келе  
қойындар.

**4-бала**

Елтаңбасы елімнің,  
Неткен әйбат әдемі.  
Тұнығындай көңілдің,  
Ортада аспан әлемі.

**5-бала**

Құт береке шанырақ,  
Орын алған ол төрден.

Қанатты қос аргымак,  
Екі жақтан көмкерген.

6-бала

Тәуелсіздік жолында,  
Талай-талай тер тамган.  
Билігім өз қолымда,  
Еркіндігім - Елтаңbam

Әнші балалардың орындаудында «  
алыңыздар.

» әнін қабыл

Тәрбиеші:

Тал шыбықтай бұралған  
Қазагымның қыздары-ай  
Сүйсіндірген биімен  
Өнерлі ғой қыздар-ай - деп

«

» бін тамашалыңыздар!

Тәрбиеші:

Кең байтақ көз жетпейтін жерім менің,  
Таулы орман, жасыл жайлау көлім менің,  
Бүгінде бар әлемге даңқың жеткен  
Тәуелсіз Қазақстан елім менің.

Тәуелсіздік туралы тақпактарын айтады,

Тәрбиеші:

Ана тілің біліп қой,  
Еркіндігің, теңдігің.  
Ана тілің біліп қой,  
Мактанаңың, елдігің.

Ана тілің – арың бұл,  
Ұятың боп тұр бетте.  
Өзге тілдің бәрін біл,  
Өз тілінді құрметте!

деп Қадыр Мырза Әли ағамыз жырлағандай ана тілімізді құрметтеп  
балаларымыз заман талабына сай өзге тілді де менгеріп жатыр.

**Бота. Күтпеген сәт: Баланың түсі**

Бала: Әже, әже шыракқа қарашы ұстап алайықшы.

Әже: біссімілла неге шошындың бала?

Бала: Әже, әже көп түс көрдім, әже көп жарық күнді көрдім.

Әже: Е балам, ол сенің бақытың балам, Тәуелсіздігіміздің мәнгі жарық күні.

Балам бара ғой, жолдастарыңнан сүйінші сұрай ғой.

Бала: Алақай, сүйінші! Тәуелсіздіктің таңы атып келеді.

Тәрбиеші: Тәуелсіздігіміз мәңтілік болғай.

Өзіміздің жеріміз, еліміз, теңгеміз бар 2. Тұымыз, Елтаңба, Әнұран теңіміз бар.  
Осы елімізді, жерімізді басқарып отырған ел басымыз бар.

Тенесер көкпен төбесі  
Ойының биік ересі  
Емендей өзі жігерлі  
Қайратты қайсар Ер осы!

**Тәрбиеші:** Енді міне біз тәуелсіз ел болдық.  
Басқалармен терезесі тен болдық  
Әрқашанда біз дайынбыз тайсалмай  
Отан үшін болуга да құрбандық.

Құтты болсын бүгінгі мерекеніз  
Денсаулықпен әкелсін берекеніз  
Өзбек биін алыш келген ортацызға  
Мұн бұралған бишілерді қарсы алыңыз  
Биші қыздарымыздың орындауында өзбек биі «

» .

**Тәрбиеші:**

Қазақстан – атамекен, құт қонған жер,  
Кең дала, суы мөлдір, нұр тұнған жер  
Көкорай белестері мақпал кілем  
Қырлары қызғалдағы құлпырған жер.

Атамекен әні топ балаларының орындауында қабыл алыңыздар.

**Тәрбиеші:** Міне, балалар, бүгінгі танда Қазақстан тәуелсіз мемлекет. Біздін өзіміздің туымыз, елтаңбамыз, әнұранымыз бар. Егеменді Қазақстан мемлекетіміз. Сендер Отанымыздың ұрпақтарысындар. Жақсы оқып, улгілі, тәртіпті болындар. Өз елің мен жерінді көркейтіп, қазақстанның намысын қорғайтын келешек ұрпақтың ақылшысы, тірегі сендер болмақсындар.

**Тәрбиеші:** Құрметті қонақтар, Тәуелсіздік мерекесі құтты болсын, еліміз–аман, жұрттың тыныш болсын, еліміздің мықты азаматы болындар балалар. «Тәуелсіздік тұғырым» атты ертеңгілігімізді тамашалағандарыңызға рахмет!

Түркістан облысы Білім және ғылым министрлігі  
Сарыагаш ауданы ЖШС «Раяна» бобекжай балабақшасы



## “Бейбіт күн жасасын әлемде!!!”

«Егемен» «Көркем» тобы ертеңгілік

Орындаған: Тәрбиешілер

Сарыагаш 2024ж

**Тақырыбы: “Бейбіт күн жасасын әлемде!”**

**Мақсаты:** Балаларды адамгершілікке, Отанын сүюге, оны қорғауга баулу. Отанға деген сүйіспеншілігін артыру, оларға патриоттық тәрбие бере отырып, өз елін, жерін қастерлейтін саналы да парасатты елжанды-ұлтжанды азамат етіп тәрбиелу.

**Жүргізуші:** 9-мамыр Женіс күні-бүкіл дүниежүзі бойынша үлкен мейрам. Әсіреле, бұл мерекені екінші дүниежүзілік соғыстың бар ауыртпалығын өз мойнымен көтеріп, Отан үшін от кешіп, соғыстың қанға бөккен даласында қайсаңлықпен шайқасқан, Женістің туын желбіреткен, Ұлы Отан соғысының ардагерлері үшін ерекше мейрам.

Құрметті ата-аналар, балабақша ұжымы жөне балалар! Бұғін 9- мамыр Женіс мерекесі құтты болсын. Был міне осы соғыстың аяқталғанына да 69 жыл болса да, соғыс оты шарпыған жараның аузы енді жазылған секілді. Біздің бейбіт өмір сүруіміз үшін жанын қиған, ерлікпен қаза тапқан ата-әжелеріміздің есімін ешуақытта ұмытпауымыз керек. Женіс күні құтты болсын. Күндіз күлкі, түнде үйқымыз тыныш болсын деген тілекпен бүгінгі «Балдәурен» балабақшасының бүлдіршіндерінің дайындаған шағын мерекелік бағдарламасын қабыл алыңыздар!

**Сөз «Раяна» балабақшасының менгерушісі Б. Суйебековаға беріледі.**

**Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні.**

**Хор: «Әрқашан күн сөнбесін»**

**Жүргізуші:**

Аз емес зар жылаған, егілген жан,  
Аз емес өшкен өмір, төгілген қан.  
Кеудеге зілді қасірет салды соғыс,  
Қирады талай арман көңілге алған.

1-бала

Ойлап-ойлап тұрдым көп,  
Саяал бердім білгім кеп:  
— Куанышты мереке —  
Женіс күні қай күн? — деп.

2-бала

Атамнан да сұрадым,  
Көкемнен де сұрадым.  
Ағамнан да сұрадым,  
Апамнан да сұрадым.  
Тосты бәрі құлағын:  
— Даұрыс, — десті, — сұрағын!  
Бейбіт күні бәрі де —  
Женіс күні, шырағым!

3-бала

Тоғызыншы мамырда,  
Гүл коям алау-қабырға!  
Еске алып атамды.  
Үн қосамын дабырға.

4-бала

Женіс деген-жақсылықтың сынары,  
Жігер менен құштарлықтың құралы.  
Күрескердің арманы мен ұраны,  
Куаныш пен мерекенің бұлагы.

**Ән: «Жауынгер»**

**Жүргізуші:** Ұлы Отан соғысына қатысқан Бауыржан Момышұлы, Мәншүк Маметова, Әлия Молдағұлова, Мәлік Фабдуллин, Талғат Бигелдинов және т.б жерлестеріміз аз емес. «Ешкім де ұмытылған жоқ, еш нәрсе де ұмыт қалған жоқ». Бұл сөздер мереке кезінде жиі естіледі. Ерлікпен қаза тапқан ерлердің ескерткіштерінде бұл сөздер таспен қашалып, ойылып жазылған. Ал

осы бейбіт өмірге жете алмаган , ерлікпен қаза тапқан аталарымыз бен апаларымыздың рухына құрметпен бас иеміз.  
**«Егемен» тобының бұлдіршіндерінің мерекеге ариалған олең-такпактарын қабал алыңыздар.**

**5-бала**

Үйлер де құламайды,  
Ешкім де жыламайды.  
Бейбітшілік болса,  
Балалар болады аман,  
Аналар болады аман,  
Бейбітшілік болса.

**6-бала**

Тастар кекке атылды,  
Орман шулап, тау құлап...  
Жиырма сегіз батырды  
Жеңе алмады жау бірак...

**7-бала**

Жамылды жер тұманды,  
Өрт ішінде қалды бақ.  
Жиырма сегіз қыранды  
Жеңе алмады жау бірак.

**8-бала**

Оқ астында зулаған  
Тұған жермен бір болып.  
Жау алдында тұрды олар,  
Жиырма сегіз мың болып.

**9-бала**

Жау женілді ақыры,  
Атты бейбіт таң құліп.  
Жиырма сегіз батырды  
Ұмытпайды ел мәңгілік.

**Би: «Сарбаздар»**

**Жүргізуши:** Бақыт сыйласп жатады әр күн,  
Санамызға жарық берген.  
Әкелері аталардың  
Бұл Женісті алып келген.  
Куантамыз ән сап жұртты,  
Келе берсін бақыт таңы.  
Женіс күнің болсын құтты,  
Батырлардың ұрпақтары- деп келесі кезекте «Көркем» ортаңғы тобының ұлдарының орындауда «Солдат болам мен ертең» атты әнін қабыл алыңыздар!

**Би: «                        » биі**

**Жүргізуши:**

Барша халық женіс күнін тойлайды,  
Жас сәбилер думандатып ойнайды.  
Ардагерлер көздеріне жас алып,  
Ұрпақтарының амандығын ойлайды.

**Жүргізуши:**

Женем деген ел сөзі!  
Тұрды ажалдан жоғары.  
Өмір, адам жұлдызы,  
Тұрды ажалдан жоғары  
Женіс туы қырмызы,  
Тұрды ажалдан жоғары  
Отан, ұрпақ болашақ  
Тұрды ажалдан жоғары,

Әмір нұры жарқырап.

**Мәңгілік алауға ғул шоқтарын қою салтаныты.** («Ден победы» әні жаймен  
көйылады )

**Жүргізуші:**

Елге қауіп тәнбесін,

Егестен адам өлмесін!

Есен-аман болайық,

Енді соғыс болмасын!

Өртенбесін туган ел!

Шайқалмасын асқар бел!

Шайқалмасын шалқар көл!

Жасасын Жеңіс!

Бақытты елім күле бер!

Тәуелсіз болып болашағына жүре бер!

Болмасын соғыс!

Болмасын соғыс!

Болмасын!

Осы тілекпен кәне бәрің түрегел!

**Хор:** Ескендері Ибраимовтың «Көк тудың желбірегені» әні.

**Соңы.** Ата-аналарға тілек.

# Түркістан облысы Сарыагаш ауданы ЖШС «Раяна» бөбекжай балабақшасы

Бекітемін

ЖШС «Раяна» бөбекжай

Балабақшасының

менгерушісі

Суйебекова Б

28.12.2023

Жаңа жыл



Орындағандар; Егмен, Көркем, Балапан топ тәрбиешілері

2023-2024

## Төрлет, төрлет жаңа жыл! (жаңа жылдық сценарий 2024 жыл)

Жаңа жыл мерекесіне орай безендірілген залға музыка ыргагымен сәнді киінген балалар залға кіред Тәрбиеші:

Жаңа жылдың таны неткен арайлы,  
Ақ мамыққа белеп алды маңайды.

Бақыт, шаттық, молцылық пен тыныштық,  
Бәрімізге әкелсін мына арай жыл.

Ән: «Кел, кел жаңа жыл!»  
Тәрбиеші: Балалар, енді жаңа жылдық мерекемізге Аяз атаны шакырайық. Ол орманда жүріп адасы кеткен болар.

Балалар: Аяз Ата! Аяз Ата! – деп айғайлап шакырады.

Аяз Атанаң орнына мыстан кемпір ұшып кіреді де шыршаны бір айналып барып, қонақтардың алдына келіп тұра калады.

Мыстан: Най - пай! Мен кайда келдім өзі. Мына шыршаның кереметін - ай! Үйге алып кетпесем бе еken? (Осы кезде мыстан төменге енкейіп, шыршаның түбімен жұлып алғысы келеді.)

Тәрбиеші: Мыстан кемпір! Мыстан оған мән бермейді де шыршаны жұлуын токтатпайды Біз «Жаңа жыл» мейрамын тойлап жатырымыз, тименіз біздің шыршамызға! (Мыстан сөзге мән бермей, былай дейді: «Ту - у - у!»). Мандайдағы терін сұртіп, тұрып. Мына шыршаның тамырынын терен отырғызылғанын - ай, жұлынбайды гой. Сол кезде шыршадағы жылтыраған кілтті көріп калады да: Мынау қандай қызық кілт өзі, осы кілт бағанағы менің ұшып келе жатып көрген, сандықтың кілті болар. Сол сандықтан бір керемет дәмнің ісі шығып еді мүмкін ақша да бар шыға!

Мен шыршада түмәй - ах, осы құлттық алып барып сандықты ашайын, мүмкін тамағына тойып,

акшасына бір байып қалармын!

Мыстан Кемпір кетіп қалады. Сол кезде қалтасынан бір таяқ түседі.

Тәрбиеші: Балалар, Кәне тойды жалғастырайық, Аяз Ата кешікті гой. Мүмкін адасып кеткен болар. Әнімізде шырқап, атамызды шақырайық!

Есіктің сыртынан дауыстар естіліп, іле - шала залға Аяз - ата мен акшакар кіреді. Аяз - ата

Акшакарды колынан тартып, жетелейді, ол кіргісі келмейді.

Акшакар: Ата жіберіңізші мені! Кірмеймін мында, үйге кетемін.

Аяз - ата: Айналайыным - ау, не болып калған саған, ауырып қалған жоқсын ба?

Акшакар: Жок, жоқ. Ауырып тұрган жоқпын. Ешкайда барғым келмейді, үйге қайтамын.

Аяз - ата: Қызыым - ау, не айтып тұрсын!

Қарашы біз тойға келдік!

Қане балалармен амандасайык.

Аяулы аналарға, ардакты ұл - қыздарға

Бұлдіршін балаларға бір сәлем!

Қандай жарқын жүздерін

Қандай әсем жырларың

Асаулармен алыскан,

Асау желмен жарыскан

Аталарың сендерге

Шаршап келді алыстан

(Балалар амандасады.)

Аяз - ата: Рахмет, балаларым! Қанекей қызыым! Қонақтардан ұят болады, басынды көтер. (Акшакар басын көтермейді)

Аяз - ата: Қарашы балалардың киімі қандай әдемі. Шыршада әсем безендірілген еken. Бәрі де тым сұлуланып кетіпти.

Шырша шамын жағайық,

Жаңа жыл тойын ашайық!

Сол кезде Ақшакар жылап тұрып: Мен шырша шамын жағатын сиқырлы таяғымды жоғалтып алдым.  
Осы кезде Аяз – ата оны жұбатып тұрып: қазір мен - ақ өзімнің таяғыммен жағамын – дейді.  
Ақшакар: Койыңыз Аяз - ата! Сіз бұл таяғыңызбен бүкіл шыршаны катырып тастайсыз.  
Тәрбиеші: Ақшакар, сиқырлы таяғын қандай еді?  
Ақшакар: Мениң таяғым жылтырауық, пішіні журекке ұқсайды. Сіздер оны көрмедіңіздер ме?  
Тәрбиеші: Жана мында мыстан болған, ол ұшып бара жатып, қалтасынан жылтыраған бір затын түсіріп алды, сол емес пе екен?  
Кане, барлығымыз ізделп көрейікші?  
(Сөйтіп жатқанда Смешарик сиқырлы таяқты тауып алады)  
Аяз - ата: Жарайсын, балапаным!  
Тәрбиеші: Кане, шырша жағуга көмектесейік, балалар! Үшке дейін санайық: 1 - 2 - 3  
«Аяз ата» әнін шыршаны айналып орындау.  
Ортага тақпактармен:  
Т. Эмина:  
Жасыл желең жамылған  
Асыл моншақ тағынған.  
Міне сұлу шыршаның  
Көптен күтіп сағынған.  
Мадина:  
Келді, келді жаңа жыл,  
Куанып қарсы ала біл.  
Аяз ата сыйлығын,  
Алайық айтып жаңа жыр.  
Раян:  
Төбемізде каргалар,  
Әрлі - берлі жүрді ұшып.  
Шыршамыз тұр жасынып  
Ойыншықтар тізіліп.  
Көз алмай біз тамсанып  
Қарап тұрмыз қызығып.  
мұса:  
Ақ сақалды таяқты  
Қалың қырау қабакты  
Аяз ата аямай  
Бізге сыйлық таратты  
Ойыншығы, шекері  
Орасан көп сияқты.  
Айша:  
Дала нұр, қала нұр,  
Құтты болсын жаңа жыл!  
Кел жаңа жыл біздерге,  
Кел жаңа жыл, жаңа жыл.  
Тәрбиеші:  
Достарымыз бар куанып,  
Тамашалар кештер де  
Талшыбықтай бұралып  
Биши болам өскенде  
Құрметті қонактар, қыздарымыздың «Ақшакар» биін тамашалайық!  
Айсұлтан:  
Шеберін – ай аяздың  
Әйнектерді қағаз ғып  
Әшекейлеп қойыпты

*Бірнеше ою ойыпты  
Суреттерді әр үйге  
Әйнектерге әрине  
Тұнде салып береді  
Көзі қалай көреді?*

**Жасулан:**

Көңілде көп қуаныш  
Әр көнілде жақсы үміт  
Кетер жылға мың алғыс  
Әкелген көп жақсылық  
Жана жылда алдағы  
Көңіл өсіп кенейсін.

**Халық:**

Жана жыл, жана жыл  
Жаңалық ізде сен.  
Жана ән, жана жыр,  
Жазып бер бізге сен.  
Жаңадан көп түрлі  
Машина бергейсін.

**Аян:**

Жасыл шырша жанында  
Айнала ойнап ән саламыз  
Өзіміздің бақшада  
Жана жылды қарсы аламыз.

**Малика:**

Жылдың әсем бұл шағы  
Шыр айналдық шыршаны.  
Шок жұлдыздай көктегі  
Шыныны қағып тұр шамы.  
Ән: «Шырша жыры»

**Жасулан:**

Жұзімізге күлкі ойнап  
Қанаттанды жанымыз  
Жана жылды біз тойлап  
Шаттанамыз бәріміз!

**Ерқанат**

Әдемілеп тізілген  
Ойыншыктар тізілген  
Кандай жаксы шыршамыз  
Ән шырқайық баршамыз  
Енжарлықты тастайық,  
Шырша тойын бастайық!

**Мансұр:**

Аяз қысып, өрнек сзызып,  
Терезені торлайды.  
Қарға омбығып,  
Бет домбығып,  
Балдыргандар ойнайды.  
Білсеніздер айтындаршы  
Бұл қай кезде болады?

**Мұса:**

Аспан жерге төгеді

Ак күмісін уыстап  
Жана жылда келеді  
Бізге қарай жылыстан.  
Көрсін біздей балғынды  
Шырқатайық ән - жырды.

Амина:  
Ақшақарға малынып  
Аппак тонын жамылып  
Сакалы мен мұртына  
Күміс моншак тағынып  
Аяз ата келеді  
Балаларды сагынып.

Тәрбиеші: Балалар Аяз Атамен көніл көтеріп «Орындық» ойынын ойнап алайык!

Каусар:  
Аппак қыстың бояуы  
Аппак қыстың бораны  
Ақ көрпеге орайды  
Ақ кар байтақ даланы  
Аяз шымшып қояды  
Ақ құшагын жаяды

Аян:  
Жайна шырша жарқылдан  
Бейнесіндей сәбидің  
Түрлене тус жасыл бак  
Қыс пен жазға бірдейсін.

Н. Амина:  
Билейміз де ойнаймыз  
Балғын ұл - қыздар.  
Жана жылдай жайнаймыз  
Жарқын жұлдыздар.  
Ер балалардың орындауында «Гномдар» би!

Нұрболат:  
Шанамен, шанғымен,  
Мұздарды сызалық.  
Елемей ызғарды  
Жана жыл бәйгесін  
Келейік біз алып.

Ән: «Қыс қызығы»  
Тәрбиеші: Аяз Ата Сіз біздің балалардың өнерін тамашаладыңыз, Сізге ұнады ма? Сыйлық әкелдіңіз бе?

Аяз Ата: Әрине, барлық сыйлық мына сандықтың ішінде! Ақшақар мына сандықтың кілті қайда?  
(Ақшақар иығымен білмеймін дегендей шара жасайды.)

Аяз Ата: Иә, сол кілт шығар.  
Тәрбиеші: Аяз Ата, ол кілтті мыстан алып кетті. Ол тіпті шыршамызды алып кеткісі келген.

Аяз Ата: Қап, әттеген - ай! Қане біз Ақшақар екеуміз оны ізделеп келейік.  
(Осы кезде залға мыстан кіріп келеді.)

Аяз Ата: Жарайсындар балаларым! Мені бүгін бір қуантып, алыс жерден шаршап келгенде көнілімді көтердіндер. Барлықтардың да акылды, білімде де өнерлі екенсіндер.

Киген киімдерін қандай әдемі! Солай емес пе қызым? Біздің сыйымызға риза болындар. Ал енді біз жолға шығайық. Басқа да балалардың өнерін тамашалайық. Ал, балаларым, сендер өсе беріндер.,  
Аспандарын ашық болсын! Қош болындар! (колдарын бұлғап шығып кетеді.....)

Түркістан облысы Білім және гылым министрлігі  
Сарыагаш ауданы ЖШС «Раяна» бебекжай балабакшасы



Бекітемін:  
ЖШС «Раяна» бебекжай  
балабакшасының мемгерушісі:  
Б. О. Уйбекова  
2023 жыл

## “1-қыркүйек Білім куні!!!”

«Егемен» «Көркем» тобы өртөнділік



Орындаған: Тәрбиешілер



Сарыагаш 2023 ж



## 1-қыркүйек - Білім күні

### 1-қыркүйек Білім күніне арналған ертеңгіліктің бағдарламасы

Жүргізуші: Бүкіл елде басталып шаттық жыры,  
Білім орда шакырар ұғымдыны.  
Білім - ғылым бастауы, мерекелі  
Күттә болсын бүгінгі Білім күні!

**Жүр:** Қымбатты балалар! Қадірлі қонақтар! Бүгін бізде ерекше күн. Ол-білім күні. Ал білімнің бастауы ол-балабақша. Бүгін жана оқу жылы басталып, барлық мектептерде алғашқы қонырау соғылып, өздеріндей бүлдіршіндер алғаш мектепке барды. Олай болса, салтанатты мерекемізді ҚР Гимнімен ашамыз.

**Жүр:** Биіктеге бастайтын асқаралы  
Әр жүректің сүйікті, асқақ әні  
Мерекеде бәріміз жан ұраным  
Шырқайық Қазақстан Әнұранын!

#### ҚР Әнұраны

**Жүр:** Қол ұстасып тұрайық  
Ұлken шенбер құрайық  
Мерекені тойлайық  
Қызық ойын ойнайық.

#### Ойын «Кәне, дос боламыз»

Бір, екі, үшке, оңға бұрыламыз,  
Бір, екі, үш, дауыстап айтамыз  
Кәне, дос боламыз! (*қол беріп амандасады*)  
Бір, екі, үшке, солға бұрыламыз,  
Бір, екі, үш, дауыстап айтамыз  
Кәне, дос боламыз! (*қол беріп амандасады*)  
Бір, екі, үш, дауыстап айтамыз  
Кәне, дос боламыз! (*Оң қолды оң жақтағы балага, сол қолды сол жақтағы балага береді*)

**Жүргізуші:** Жақсы, біз көнілді ойнадық, барлығымыз дос болдық. Бұл достық көп жылдар бойы берік болып қала берсін! Ал енді енді мерекемізді жалғастырайық.

**Жүр:** Бал-бұл жайнап әріміз  
Кіреді біздің сәніміз  
Біз бакытты балдырганбыз  
Ән шырқайық бәріміз

#### Ән «Біз көнілді баламыз»

**Жүр:** Ал балалар, мен енді сендерге сұрақтар қояйын, ал сендер «иә» немесе «жоқ» деп жауап беріндер.

Жазда су құйдық па гүлге?

Қыздырындық па күнге?

Биледік пе батпақта?

Жаттадық па тақпақты?

Ауылға бардық па атаға?

Тілін алмай, сөз қайтардық па апаға?

Бассейнге суға түстік пе?

Жаман суды іштік пе?

Гүл тердік пе даладан?

Қашып кеттік пе қаладан?

Жүгірем деп құладық па?

Бақшаға бармаймын деп жыладық па?

Жарайсындар балалар! Әрдайым әдепті, үлгілі болындар.

(*Балалар тақпақтар оқиды*)

Бірінші қыркүйек күнімен

Аңқыған жүлпар гүлімен

Тақпағымды жаттаймын,  
Сабагымды баптаймын.

Куанып бақшага барамын  
Шаттанып әсем ән саламын

Мен әдепті баламын  
Оқып, білім аламын.  
Балабакшам, өзіңе  
Арналады бал әнім.

Балабакша үйіміз  
Сені жақсы көреміз  
Үлкен болып өскенде  
Еске алтып жүреміз

Ақыл - білім үйреткен.  
Бақшамызды сүйемін.  
Апайларға ерекше  
Құрметпен бас иеміз.

(Өлең оқыған балалар орындарына отырады).

**Жүр** : Кәне, ойын ойнайық, менің қимылымды қайталаңдар!  
Қалайсыңдар? (Екі қолды алаға созып, бас бармақтарын көрсетеді)

Қалай жүресіндер? (Орындарында адымдайды)

Қалай жүгіресіндер? (Жүгіріп көрсетеді)

Қалай тентек боласыңдар? (Маймылды бейнелейді)

Қалай мұнаясыңдар? (Көздерін қолдарымен сипап, жылаганды көрсетеді)

Қалай коркытасыңдар? (Сұқ саусағын көрсетіп, қауіп төндіреді)

(Ойын 2 рет қайталаңады, қарқыны жогарылады).

**Жүр**: Тамаша ойын болды, балалар. Енді би билейтін уақыт келді! Ендеши, болашақ окушыларды ортаға шақырайық. Билерін тамашалайық.

Б «   »

### Жүргізуши:

Біздің балабақшаның  
Балалары тамаша!  
Барлығы да өнерлі  
Көз тоймайды қараса!  
Сурет салып, мұсін жасап  
Би билеп, ән шырқайды  
Тату болып барлығы  
Қызықты ойын ойнайды.

Біздің балалар бақшадан көптеген білім үйренеді, бәрін білгісі келеді, тіпті қазір де олар көп нәрсені біледі.

Бұл қандай мультфильмнің музыкасы екенін табыңдар!

### Саундтрек-мультиқ

Сендер әндерді жақсы біледі екенсіндер, ал ертегілерді білесіндер ме?  
Ендеши, мұқият тындандар!

1. Уйін жинап ертемен,  
Мейіз тауып алышты.  
Мысығы келмеген сон,  
Ол өкпелеп қалышты  
Бұл қай ертегі (Мақта қыз бен мысық)
2. Атай өзі салғанын  
Көрді өсіп қалғанын.  
Ары-бері тартқылып  
Оны жұла алмады

3. Апасынан қашып кетті,  
Атасынан қашып кетті,  
Кездестіріп біраз анды,  
Біраз жолдан асып кетті

(Бауырсақ)

Көмекке кемпір, мысық, ит.  
Келмесіне болмады (Шалқан)

4. Кедей еді бұл бала,  
Айы туды оңынан,  
Жын шығады керемет,  
Сиқырлы оның шамынан. (Алладин)
5. Үйге іздел келіпті  
Анасы жоғын көріпті  
Есік аш лактарға  
Ән де айтып беріпті (Жеті лак)

**Жүр:** Олай болса, қызық ойын ойнайық.

### Ойын

Уау, сендер өте көнілді балақайларсындар.  
Жақсы! Балалар, сендер жұмбақ шеше аласындар ма? (иә) Олай болса, тындандар!

Кітап-дәптер тұрагы

Бөлмесі көп болады

Оқу-білім аспабы,

Есігі бар ашпалы. (Портфель)

Олай болса, балалар «Портфель» көрінісін тамашалайық!

*Коңырау үні естіледі*

**Портфель:** Дзин, Дзин, Дзин,  
(Жазба) Коңырау соғылды!

Құлпыымды ашамын!

Достарымды көнілді

Ортаға шақырамын!

*(Портфельден оку құралдары шығады)*

Бар кітапқа бас болған

Әліппе гүлым ағасы

Әліппеден бастаган

Данаалардың данасы.

Мен әдемі қаламмын,  
Сүретті де саламын,  
Жазуды да жазамын.  
Оқушының досы боламын.

Көрсететін баршаға  
Карындашым қаншама  
Оқушы үштап алады,  
Сәл мұқалып қалса да

Қате корсем өшігіп,  
Тастаймын мен өшіріп.  
Оқушының құралы  
Мен боламын өшіргіш.

«  
**Жүргізуши:** Таудан биік талабы  
Біз - сүйкімді боламыз!  
Риза етіп баршаны  
Әсем әнге саламыз  
» әні

5. Өжеме барып келейін деп  
Дәмді бәліш берейін деп  
Орманга жалғыз барады  
Алдынан қасқыр шығады (Қызыл телпек)

6. Сиқыршы ол қызды жақсы көрді  
Хрустальді туфли оған берді  
Ханшайым боп зәулім сарайға енеді  
Он екіден соң өз қалпына келеді (Золушка)

Төрт бұрышты түрім бар  
Тор көз жолақ көзім бар.  
Дәптерді көп қып алыңдар  
Мектепке сосын барыңдар.

Жазулы менде әр күнің  
Бар мінезің тәртібің  
Мен боламын күнделік  
Жолдасыңмын мен сенің,

Мен саламын үшбұрыш  
Мен саламын көпбұрыш  
Мен боламын сыйзыш  
Мендей тузу болуга  
Барлық бала тырыс

## Жүргізуші:

Сырлары көп гылымның  
Шешілмеген әлі де  
Терендігі білімнің

Керек екен бөріне! –дей келе бүтінгі мерекелік іс-шарамызды аяқтаймыз.  
Музыкамен балалар бір бірінің артынан «поезд» болып жүре отырып, «білім елі» деген  
сикырлы какпалардан өтеді, содан кейін тәрбиешілермен мен бірге өз топтарына  
тарайды.

Түркістан облысы Сарыагаш ауданы Жібек-Жолы елді мекені  
ЖШС «Раяна» бөбекжай балабақшасы

Бекітімін:  
ЖШС «Раяна» бөбекжай  
Балабақшасының меншүрешісі  
Сүйебекова В.



Орындаған: Аятова А

2022-2023ж

## «Қош келдің, Жаңа жыл!»

Жүргізуші: Жаңа жылдың таңы неткен арайлы  
Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды  
Жаңа жылмен құттықтаймын бәрінді  
Бақыт, шаттық, молшылық әкелсін  
Бәрімізге мына жыл арайлы!  
Құтты болсын ағайын!  
Жаңа жылдың тағы да  
Қол соғып қарсы алайық  
Шақырайық ортаға  
Ертеңгілік басталсын  
«Еркем - ай» тобында!  
(балалар келіп шыршаны айналып тұрады)

(музыка қосылады Сиқыршы шыр айналып кіреді)

Сиқыршы: Жаңа жыл келді  
Азаймасын ән мен жыр  
Ел көңілін көтерсін  
Құтты болсын жаңа жыл!  
Құттықтаймыз сіздерді!  
Тезірек, тездетіп мұнда жиналындар  
Басталады Жаңа Жылдық карнавал  
Маска да бар, би де бар, асығындар  
Аяз ата шақырғанның бірі дағы қалмайды.  
Басталады, басталады Жаңа жылдық карнавал  
Карнавалдың иелерін қарсы алындар!  
(қол соғып киінген ата - аналар кіреді)

Сиқыршы: Бәрекелді, жарайсындар! Қараңдаршы, айнала неткен керемет,  
әсем мына шыршамыздың ойыншықтардың алуан түрлері бар екен.  
Бәрімізде әп - әдемі жаңа жылдық киімдерімізді киіп жиналып қаппыз.  
Бірақ,... шыршамыз көңілсіз, қане менің сиқырлы таяғымның көмегімен,  
сендердің әдемі сөздеріңмен шамын жағайық!

Бәрі: Қуант, бізді, таңырқат  
Шамдарынды жарқырат! 3 рет  
(Шырша шамы жанады, «Алақайлап» қол соғады)

Жүргізуші: Міне, керемет, қол ұстасып әнімізді шырқайық.

Ән: «Шырша жыры»

Жүргізуші: Ендеше, шыршамызға тақпактарымызды айтайык.

Г. Наргиза: Тамаша, тамаша

Шыршамыз түр жараса

Басында әсем жүлдизы

Көз тоймайды қараса

Нұрхан: Шыршамызда қаншама

Түрлі - түсті шырактар

Күлгін түсті тоқаштар

Жарқыраған алтын бар.

Асылназ:

Безендіріп шыршаны

Жыл қуантты баршаны.

Той - маскарад басталды,

Аяз оны басқарды.

Жүргізуші: - Балалар, жарайсындар. Айтындаршы жылда Жаңа жылға бізге  
қонаққа кім келуші еді?  
(Балалардың жауабы)

Жүргізуші: Кәнекей, ендеше бәріміз бірге шақырайык.

Бәрі: Аяз ата, Аяз ата, Аяз ата, Ақшақар Ау - у - у - у! 3 - рет

Аю: - Здравствуйте, ребята! С Новым годом!

Мен қысқы үйқыда болатынмын, қатты айқай – шу, тасыр - тұсыр шошып  
ояндым, не болып қалды деп сұрап едім, бәрінің айтатындары бір - ақ сөз:  
«Жаңа жыл келіп қалды, жаңа жыл» - дейді. Машаны да іздең, осында болар  
деп келдім.

Жүргізуші: Мәссаған, балалар бұл кім?

Балалар. Аю.

Жүргізуші: - Иә, «Маша мен аю» мультфильмін сендер өте жақсы көресіндер  
ғой. Бірақ біз Аяз атаны шақырдық қой, аюды емес...

Балалар: иә.

(осы кездे Маша келеді. Шыршаға таңырқап)

Маша. – Керемет....(деп шыршаның астындағы қорапты тауып алады. Аю  
шауып келіп Машаны көтеріп алады)

Аю. - Әрен таптым - ау, сені қасқыр жеп қойған шығар деп едім. (деп кетіп  
бара жатады)

**Жүргізуші: Токтаңыздар, кетпенеңіздер, бізбен бірге болыныздар!  
(Екеуі қуанып, балалардың жаңына келеді)**

**Жүргізуші. Балалар, мына сыйлықты бәріміз бөлісейік... (деп ашып жатқанда  
ішінен күлдіргіш шығады)**

**Күлдіргіш: Амансыңдар ма, балалар! Иә, бұл менмін. Мені ораудан алып  
шыққандарың қандай жақсы болды. Ол жерде тар, әрі қап - қарангы. Ал,  
мұнда сондай тамаша екен! Мен де сендермен жаңа жылды қарсы алайынышы.  
Сендермен бірге қызықты ойындар ойнайынышы.**

**- Аяз ата Ақшақар сіздер біздердің балаларымыздың сыйлықтарын қашан  
бересіздер?**

**Аяз ата: Ой - буй, ұмытшақ басым ай, әрине қазір, қазір....  
(барлығыңа сыйлық үлестіріледі)**

**Аяз - Ата: Жарайсыңдар балаларым! Мені бүгін бір қуантып, алыс жерден  
шаршап келгенде көнілімді көтердіңдер. Барлықтарың да ақылды, білімде де  
өнерлі екенсіндер.**

**Киген киімдерін қандай әдемі! Солай емес пе қызым? Біздің сыйлығымызға  
риза болындар. Ал енді біз жолға шығайық. Басқа да балалардың өнерін  
тамашалайық. Ал, балаларым, сендер өсе беріндер, өркендей беріндер.**

**Аспандарың ашық болсын! Қош болындар!(қолдарын бұлғап шығып кетеді.)**

**Балалар: Сау болыңыздар! Рақмет сіздерге!**

**Бәрі.  
Біз тілейміз жаңа жылдық шаттықты  
Біз тілейміз жаңа жылдық бақытты.**

**Жүргізуші: Құрметті қонақтар, балалар! «Қош келдің, Жаңа жыл!» жылға  
арналған мерекеміз аяқталып қалды. Осындаі керемет өтуге ат салысып  
жүрген ата - аналар, әріптестерім сіздерге де мың алғыс! Көріп  
тамашалагандарына рахмет. Жаңа жыл құтты болсын, отбастарыңызға тек  
бақыт пен қуаныш әкелсін!!!**

Түркістан облысы Сарыагаш ауданы Жібек-Жолы елді мекені

ЖШС «Раяна» бөбекжай балабақшасы

Бекітімін:

ЖШС «Раяна» бөбекжай

Балабақшасының менгершісі

Суйебекова Е.



Орындаған: Аярова А

2022-2023ж

Кештің тақырыбы: «Тәуелсіздік деп соғады жүргегіміз»

Кештің барысы: «Көк тудын желбірегені» әні.

1 - жүргізуші: Армысыздар, құрметті ұстаздар, оқушылар және қадірменді конактар!  
Бүгінгі Тәуелсіздігіміздің 31 жылдығына арналған «Тәуелсіздік деп соғады жүргегіміз»  
атты мерекелік кешімізге қош келдініздер!

Тәуелсіздік - ең басты құндылығымыз. Тәуелсіздікке қантөгіссіз, бейбіт түрде кол  
жеткізгеннен кейін ғана елімізді әлемнің өркениетті мемлекеттерінің қатарына қоса  
алдық. 31 жыл ішінде тәуелсіз Қазақ елін қалыптастырып, нарықтың киын өткелектерінен  
аман өткізіп келеміз. Осы кезеңде Қазақстанды дүние дидарындағы ең мықты  
мемлекеттер танитындей, сыйлайтындей деңгейге жеткізген тұнғыш президентіміз  
Нұрсұлтан Назарбаевтай көреген саясаткердің ерен еңбегін дәл бүгін және әрқашанда  
аityп өтеміз.

Тәуелсіздік күні еліміздің барлық азаматтары үшін орны ерекше мереке деп білеміз,  
 себебі, осынау жүрекжарды қуанышқа толы құнді ата - бабаларымыз ғасырлар бойы  
армандалап, кутумен өтті.

## 2 - жүргізуші:

Армандарды жақындашып тым алыс,  
Біздің жаққа жеткен екен жылы ағыс.  
Егемендік - ел бақыты, ертеңі,  
О, халайық! Құтты болсын қуаныш!

Азат өлкем қундей құлген шығыстан,  
Асыл елім жан - жүректі ұғысқан.  
Ата бабам аңсан өткен бақытым,  
Айналайын, Қазақстан - Гүлстан!

Қазақ орта мектебінің көркемөнерпаздарының шағын концерттік бағдарламасын қабыл  
алыңыздар.

## 1 - жүргізуші:

Кең байтақ, көз жетпейтін жерім менің  
Таулы орман, жасыл жайлай көлім менің  
Бүгінде бар әлемге данқың жетті  
Тәуелсіз Қазақстан – елім менің

2 - жүргізуші:  
Тас еденде жатты қазақ баласы,  
Ауырса да, қынқ етпеді жарасы,  
Жараланған жолбарыстай, ышқынып,  
Айтып жатты сонғы сөзін ол ащыш!!!.....

Қайрат атты атым бар, он сегізде жасым бар...  
Ерекек тоқты құрбандық, атам десен атындар!....

Сұранбады, жалынбады тік тұрды,  
Барлық жендет қорықты одан тіксінді,

Тас қорғанда жалғыз өзі жатса да,  
Қанышерлер айналада көптін - ді....

Бір қазаққа әлі келмей, жер болып,  
Мойындарап, бір өлікті тергеулік,  
Сенің ісің, сен өлтірдің дегенді,

Артпакты олар, өрен жаска қолдей ғып....

Ән «Қазақстан» орындайтын 10 - сынып окушысы  
2 - жүргізуші: Құттықтау сөз кезегі мектебіміздің директорына беріледі.

1 - жүргізуші:

Күй, сені тәтті көрем, жаным сүйіп,  
Тыңдаймын тыным алмай, жанып – күйіп  
Өмірдің сырын ашып жүрегіме  
Музаның әміріне басымды иіп.  
Алайық ескі күйдің бәрін жиып,  
Жандырган ой - қиялды қалын күйік  
Шерттіріп құнарлырак домбыраға  
Тербеліп ыргағына тамылжиық

«Балбырауын» күйі. Орындайтын: окушылар  
Бақыттым - Республикам Қазақстан,  
Көгінде ак көгершін, қаздар ұшқан.  
Саған жетпес құшағы әлемнің де,  
Қыс болса, бір шетінде жаз ауыскан.

Алдарыңызда бишілер тобының орындаудында «Қамажай биі»

1 - жүргізуші:

Тан қалады тергеуіш де бел кетіп,,  
Неткен қайтпас, біз мұндаиды көрмедік!!!  
Барлық қазақ осында ма? білмедім,  
Жок әлде сен оқшау ма едің, не ерлік?....

Барлық қазақ осында, бар қанында,  
Сол ерлікпен ұстаган, сар даламды,  
Кіргізбеген жауларын, бір сүйем де,  
Ұрпағы үшін жан берген, өр бабам да!!!...

Сол атаниң ұрлағы мына менмін,  
Есте ұста ей жендет, көрмегенін,  
Мен қазақпын қорықпан, өлімнен де,  
Табан асты, ол туган жерім менін.

Бір тамшы жас, алмай қара көзіне,  
Халқы үшін жауаптығын сезіне,  
Жас қазағым, қындықтан тайсалмай,  
Әркездері, жүлтап тұрды сөзін де;

Қайрат атты атым бар, он сегізде жасым бар,  
Еркек токты құрбандық, атам десен атындар!!!

2 - жүргізуі:

Қазақ дейтін менің бір елім,  
Жатыр алып жарты дүние әлемін.  
Бұл даланы анам жаспен суарған,

Бұл даға жылап келіп қуанған, - деп Қасым Аманжолов ағамыз жырлағандай, кең байтақ жерімізде Қазақ халқының басынан не өтпеді десеніші. Талай қындықты бастан кешірседе, ешқашан мойымай, куресе білді. Азаттық таны туатынына кәміл сеніп, үміттерін үзбеді.

Сол күндер ғой жүректің аңсағаны,  
Соған шөлдеп, шөліркеп тамсанады,  
Өкініш пе, білмеймін қуаныш па  
Өз - өзінен жүрегім ән салады.

«Тұмар» дүэтінін орындаудыңда ән «Алға, Қазақ, жігіттері» «Орнында бар оңалар» демекші, ел орнында, жер орнында, жерге жетер байлық жок. Жер болса, ел болады, ел болса ер болады. Ерлеріміздің арқасында «Қазақстан» егеменді ел болып, дүние жүзіне танылды. 120 - дан аса ұлт өкілдері тұратын осынау қасиетті мекенде, асқақтаған өлкеде, кеңшілігі керемет дархан дастархандай далада, егіні теніздей толқыған, төрт түлігі оның көк байрағын көкке көтеруді мақтаныш тұтады.

Қазақпын, еңселі елмін егеменді,  
Кеңейттім кең әлемге керегемді.  
Мұхиттың ар жағында жатқан жүрттар  
Таныды тепе - тең деп тереземді.  
Қазақпын, қойнауы - құт, жері - дархан,  
Әнімді бес құрлықтың бәрінде айтам.

Ән: «Жаса, Қазақстан!» орындастын: 9 - сынып оқушысы

Желтоқсан – заман толғағы байтақ даланың,  
Шарпыған сәті үміт пен күдік қалаңың  
Желтоқсан – Қайрат, Ләzzат, Сабира  
Құрбаны болған жалаңың  
Ал қоғамның адамнан бар ма асылы,  
Кеткенде жоқ құлақтан зар басылып,  
Бұғаудағы боздақтары кете барды  
Бірі атылып, ал бірі дарға асылып

Түркістан облысы Сарыағаш ауданы Жібек-Жолы елді мекені  
ЖШС «Раяна» бөбекжай балабақшасы

Балабақшасының менгегүшісі  
Суйебекова А.  
ЖШС «Раяна» бөбекжай  
Балабақшасының менгегүшісі  
Суйебекова А.



Орындаған: Аятова А

2022-2023ж

**Тақырыбы: «Елбасы – ел тірегі»**

**Мақсаты:** Жас үрпакқа президенттің сан қырлы талант иесі, құлдіретті тұлға екенің таныту. Елін сүйген, елі сүйген Елбасынаң үлгі алуға тәрбиелеу.

**Тәрбиеші:** Балалар, қараңдаршы, біздің сабагымызға конактар келіп отыр.

**Көне балалар, конактармен амандасадайық.**

**Балалар: Сәлематсыздар ма!**

**Тәрбиеші:** Жарайсындар балалар! Балалар бүтінгі біз сабагымызда Еліміздің тұнғыш президенті жайында айтамыз. Тактага қараңдаршы мына суретте кім бейнеленген?

**Балалар:** Нұрсұлтан Назарбаев, Қасым Жомарт Тоқаев Кемелұлы

**Тәрбиеші:** Дұрыс Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Ал, балалар ол кім екенін білесіндер ме?

**Балалар:** Ол біздің президентіміз

**Тәрбиеші:** Балалар 2012жылы 1желтоқсан күні «Тұнғыш президент күн» болып енгізілді. Эр жылда біздер Президент күнін атап өтеміз. Біздің еліміздің тұнғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев болды. Қазіргі уақытта 2019жылы 20наурыз айында сайланды. Балалар біздің елбасымызға арнаған тақпақтарыныңды айтып береді

**Әмина:**

Ел басымыз жолдайды

Халық оны қолдайды

Ешқашанда орынсыз

Шешімдері болмайды

**Аянат:**

Тәуелсіздік елге сыйлады

Бейбітшілікті қолдайды

Орындалып арманы

Халқымызда ажарлы

**Осының бәрі әрине Елбасының арқасы**

**Әнуар:**

Ел басы елді қорғайды

Халық қамын ойлайды

Осындай жақсы адамның

Жақсылығы тарайды.

**Жазира:**

Бағдарлап елдің ертеңін

Тыныштық тауып жатпаған

Болашақ үшін тер төгіп

Үмітін елдің ақтаған

**Құдайберген:**

Ел басы болды да қазағымның

Еңкейтпеді жалауын әр елімнің.

Тәрбиеші: Н.Ә.Назарбаев 1940 жылы б-шілдеде Алматы облысы, Қаскелен ауданы, Шамалған ауылында дүниеге келген. Атасының есімі- Назарбай, әкесінің есімі-Әбіш, Нұрсұлтан есімді әжесі Мырзабала берілгі. Алланың 99 аты бар екен. Соның бірі-Нұр тағы бірі-Сұлтан. Анасының есімі-Әлжан екен.

Нұрсұлтан 5 жасқа толғанда Жамбыл атанаң ақ батасын алған екен. Ол Қаскелен қаласындағы Абай орта мектебіні бітірген. Мектепте озат, үлгілі окушы болышты. Еңбек жолын Теміртау қаласында темір балқытушы болып бастаган. 1976 жылы Қараганды металлургия комбинаты жаңындағы жоғары техникалық оқу орнын, 1976 жылы партия мектебін бітірген 1991 жылы 1 желтоқсанда біздің Отанымыздың Тұнғыш Президенті болып сайланды. Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев 2010 жылы 15 маусымнан бастап занды түрде «Елбасы» мәртебесіне ие болды. Ол осы жетістігіне өзінің табандылығы мен еңбекқорлығының арқасында жетті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Кемелұлы 1953жылы Алматы Қаласында туылған.Әкесі –Кемел Тоқаев,Анасы-Тұрар Шабарбаева.

Тәрбиеші: Балалар сендердің аналарың,әкелерің сияқты жұмыс істегендей Елбасымызда жұмысы біздің елімізді басқарады. Біздің президентің жұмыс орны қайда кім біледі балалар айтындаршы?

Балалар: Астанада

Тәрбиеші: Дұрыс! Астанада Ақордада балалар Астанада тағыда не бар?

Балалар: Астанада Бәйтерек бар!

Тәрбиеші: Дұрыс Бәйтерек бар, ол біздің елдің символы. Ал, балалар сендер біздің елдің рәміздерін білесіндер ме?

Балалар: олар: ту, әнұран және елтаңба.

Тәрбиеші: Ал бұл суреттер нені білдіреді, білесіндер ме? Балалар біздің туымыздың түсі қандай?

Балалар: Көк

Егеменді ел болып, тәуелсіздіктің көк байрағын көтерген сәт — Қазақстанның әр азаматы үшін қуаныш, тарихтың үлкен бетбұрысы болғаны анық. Осының бәрі — еліміздің тұнғыш президенті — Н. Ә. Назарбаевтың арқасында.

Тәрбиеші: Балалардың әнін тыңдайық  
«Көк тудың желбірегені»

Қ-сы

Көк тудың желбірегені

Жанымда қуат береді

Таласқа түссе жан мен ту

Жан емес, маған керегі

Көктудың желбірегені

1. Көк тудың желбірегені

Елдіктің асқақ өлеңі

Жан-жаққа тартпай қазағым

Бір сөзге жинал дегені  
Қ-сы  
Көк тудың желбірегені  
Жанымға қуат береді  
Таласқа түссе жан мен ту  
Жан емес, маған керегі  
Көктудың желбірегені

Тәрбиеші: Ол аспанымыз ашық болсын дегенді білдіреді. Құннің бейнесін қарандаршы-құнің сәулелері біздің еліміздегі ұлттар саны. Біздің елімізде жүз отыз ұлт бар екен. Осы күн-100 ді білдіреді ал сәулелер отыз екен.

Шаршадыңдар ма балалар!

Балалар: Иә шаршадық

Тәрбиеші: Кәне келіндер

Сергіту сәті:

Біз бақытты баламыз

Шырқап әнге саламыз

Туыспыз біз бәріміз

Бір отанды сүйеміз.

.Қорытынды: балалар біз бүгін сабакта кім туралы айттық?

Балалар: Қасым Жомарт Тоқаев туралы

Тәрбиеші: Ол кім?

Балалар: Ол біздің елдің президенті

Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар!

Осымен сабағымыз аяқталды. Орнымыздан тұрып, келген қонақтарды шығарып саламыз.

Түркістан облысы Сарыагаш ауданы Жібек-Жолы елді мекені

ЖШС «Раяна» бөбекжай балабақшасы

Бекітемін:

ЖШС «Раяна» бөбекжай  
Балабақшасының меншеру шеі  
Суйебекова Б.



Орындаған: Аятова А

2022-2023ж

### «Мен Отанның бақытты ұлымын»

Құрметті ата - аналар, кішкене бүлдіршіндер және балабақша ұжымы!  
Баршаңызды 25 қазан Республика күні мерекесімен «Құлагер» мектеп алды тобы атынан шын жүректен құттықтаймын! Баршаңызға отбасылық бақыт, дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге жеміс, мерекелік шат көніл тілеймін.

Ақжайық, Алтай арасы  
Қазақтың шалқар даласы  
Республикама қараши!  
Жерімнің дөні маржандай  
Қырманы асқар таулардай  
Республикама қараши!  
Шолсаң да биік аспаннан  
Қарқырап кені тастардан  
Республикама қараши!  
Шырқаған сайын тірегі  
Республикама қараши!

#### I. Әнұран.

Тәрбие сағатын ашу үшін балабақша менгерушісі Нұрмағанбетова  
Эльмира апайға беріледі.

Құрметті қонақтар! Бүгінгі біздің 25 қазан Республика күніне арналған  
«Мен Отанның бақытты ұлымын!» қысқаша тәрбие сағатын  
тамашалаңыздар.

#### II. Хор: «Егеменді Қазақстан»

Елші:

- Өзі бүл жер қай ел екен, жөн сұрап білейін?  
Жүргізуши:

- Сәлеметсіз бе? Сіз кім боласыз? Қателеспесем, біздің елге басқа  
жақтан келгенсіз - ау деймін.

Елші:

- Мен ел аралап жүрген елшімін. Сыңғырлаған балалардың құлқісін естіп,  
қай елдің бақытты балалары екенін білейін деп келдім.

Жүргізуши:

- Олай болса, қош келдіңіз! Қазір бізде 25 қазан Республика күніне  
арналған тәрбие сағат өткелі жатыр. Балалардан сұрап білініз.

Елші:

- Сәлем, балалар! Сендер өте көнілді, әрі бақытты көрінесіңдер.  
Сендердің Отандарың, қасиетті мекендерің қай Республика?

Балалар:

Қазақстан Республикасы.

Елші:

- Президент кім?

Балалар:

- Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев

Елші:

- Отандарыңың астанасы қай қала?

Балалар:

- Астана қаласы.

Елші:

- Елдеріңіз өзінің қандай қасиеттерімен айбатты?

Балалар:

- Өнүран, Туы, Елтаңбасымен.

Елші:

- Өте жақсы. Осы елдің бақытты ұл - қыздары екендерінді қалай дәлелдейсіңдер?

1. Шыңғыс: Өнүраным, жан ұраным

Айтар әнім, сөйлер сөзім

Туған жерім сағынарым

Мәңгі - бақи шырқалады

Республикам, Өнүраным

2. Назлы: Елтаңбасы елімнің

Неткен көркем, әдемі

Тұнығындаі көңілдің

Ортада аспан әлемі.

3. Манас: Жарасқан байрақтың мәні бар

Көк аспан, көк қыран сәні бар

Көк байрақ ашық көк кеңісін

Алтын күн – белгісі жеңістің.

III. Ән: «Ойнаймыз да құлеміз». Жанназар Жанна.

Жүргізуши:

- Балалар, сендер сүйікті Отанымыздың қасиетті белгілерін біледі екенсіңдер. Онда Отан дегеніміз не?

Балалар:

- Отан дегеніміз біздің әке - шешеміз, туған туыстарымыз, ауыл қалаларымыз, өзіміз түшіп - өскен жеріміз.